

## Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 қаңтарда № 33897 болып тіркелді.

"Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" "Қазақстан Республикасы Заңы 4-бабының 4) және 5) тармақшаларына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### 1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шарты;

2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Білім беру жинақтау сақтандыруының үлгілік шарты;

3) осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы банк арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім;

4) осы бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы-сақтандыру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім бекітілсін;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы-білім беру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. Осы бірлескен бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі мен Қазақстан Республикасының Ғылым

және жоғары білім министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Экономика және қаржы департаменті осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрі

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім министрі

\_\_\_\_\_ Г. Бейсембаев

\_\_\_\_\_ С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары

білім министрінің

2024 жылғы 8 қаңтардағы

№ 7 және

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің

2024 жылғы 9 қаңтардағы

№ 4 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

## **Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шарт**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ қаласы

20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын \_\_\_\_\_

(банктің атауы)

(бұдан әрі – "қатысушы-банк") атынан \_\_\_\_\_

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші \_\_\_\_\_

деректемелері) (уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

бір тараптан және бұдан әрі "салымшы" деп аталатын азамат

(азаматша) \_\_\_\_\_ не бұдан әрі "заңды өкіл" деп

аталатын оның заңды өкілі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

екінші тараптан, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес төмендегілер туралы осы Білім беру жинақтау салымы туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

### **1-тарау. Шартта пайдаланылатын ұғымдар**

1. Шартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банктік шот – клиенттің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы ақшасының қозғалысын, сондай-ақ клиентке банк қызметін көрсету бойынша клиент пен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым арасындағы шарттық қатынастарды көрсету және есепке алу тәсілі;

2) банктік шотты тікелей дебеттеу - банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақша жөнелтушіден ақшаны алып қою және ақша жөнелтушінің осындай алып қою туралы алдын ала рұқсатының негізінде оларды бенефициардың пайдасына беруі;

3) нысаналы жинақтар төлемі – нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін нысаналы жинақтар сомасы;

4) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорындағы нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар) – Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры инвестициялық кірісінің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған және жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық кірістің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған елу пайызы есебінен нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында жинақталған ақша;

5) уәкілетті операторлар – тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім ақысын төлеу мақсатында біріңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтар төлемдерін есептеуге арналған банктік шоттар ашатын және жүргізетін екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы.

Шартта пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

## 2-тарау. Шарттың мәні және жалпы ережелері

2. Шарттың мәні қатысушы-банктің салымшы атына теңгеменбілім беру жинақтау салымын ашуы (бұдан әрі – салым), салымға қатысушы-банктің сыйақысын есепке жазуы, мемлекеттің сыйлықақысын, бастапқы білім алу капиталын (бар болса), сондай-ақ нысаналы жинақтар төлемдерін (бар болса) есепке жатқызуы болып табылады.

3. Шарт Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға жауап беретін жазбаша нысанда (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда) жасалады.

4. Шарттың мерзімі \_\_\_\_\_ ай.

5. Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық \_\_\_\_\_ % -ды құрайды, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (дәйекті жылдық тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі) \_\_\_\_\_ %. Сыйақыны есептеу кезінде айдағы (күнтізбе бойынша) күндердің нақты саны ескеріледі, бұл ретте жыл үшін үш жүз алпыс бес күн алынады.

Шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі Заңның 10-бабының 3-тармағында көзделген базалық мөлшерлеме деңгейінен төмен болмауға тиіс.

Қатысушы-банктің сыйақысы Шарттың қолдану мерзімі ішінде ай сайын есептеліп, салымының негізгі сомасына қосылады (капиталдандырылады).

6. Бастапқы білім беру жинақтау салымы туралы шартын (бұдан әрі – салым шарты) /білім беру жинақтау сақтандыруы шартын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасасу күні : 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

7. Шартқа қол қою арқылы салымшы/салымшының заңды өкілі операторға Мемлекеттік білім беру жинақтау саласындағы операторға (бұдан әрі – оператор) банктік құпия мен нысаналы жинақтар құпиясын (бар болса) ашуға келісім береді.

8. Бір салымшының атынан немесе оның пайдасына бір ғана Шарт жасалады.

9. Салымшы/салымшының заңды өкілі салымды басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару кезінде қаражат алмауға міндеттенеді.

10. Бастапқы жарнаның мөлшері \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

11. Бастапқы білім беру капиталын есептеу Шарттың 28-тармағында көзделген жағдай туындаған кезде жүзеге асырылады.

12. Тараптар қол қойған Шарт білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімде (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) тіркелуге тиіс. Оператор салымшының Шарт пен Заң талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Шартты бірыңғай тізілімде тіркеуден бас тартқан жағдайда Шарт бұзылады, банк шоты жабылады, енгізілген

бастапқы жарна сомасы бірінші талап бойынша салымшыға/салымшының заңды өкіліне сыйақы есептелмей/төленбей және қатысушы-банктің қандай да бір комиссиялары алынбай төленеді.

13. Салымшының банктік шотына Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалардан жарналар қабылданады.

14. Салым қаражатын нысаналы алу (қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына ақшаны үлестермен/толығымен аудару), мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын қайтару және және нысаналы жинақтар төлемдерін уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына қайтару жағдайларын қоспағанда, салымшының банктік шотынан ақшаны ішінара алуға жол берілмейді.

15. Салымшы Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына кірген кезде шарттық негізде салым сомасын қатысушы-банк қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына салымшының/салымшының заңды өкілінің өтініші негізінде жасалған білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін) толық көлемінде аударады.

Салымшы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына кірген кезде шарттық негізде салым сомасын шетелдік білім беру ұйымына қатысушы-банк салымшының/салымшының заңды өкілінің өтініші негізінде үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе ол салымшыны шетелдік білім беру ұйымына қабылдау туралы растайтын құжаттар табыс еткен кезде толық көлемінде бір рет (оқудың бүкіл мерзімі үшін) аударады.

16. Салымшы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда:

1) салымды оның мұрагерлері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына жібереді;

2) салым мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) сақтай отырып, Шартты бұзу талаптары бойынша оның мұрагерлеріне төленеді.

17. Сот салымшыны әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе нысаналы жинақтардың есептелген төлемін(бар болса) қоспағанда, салымшының денсаулық жағдайының салдарынан оқуын жалғастыра алмаған жағдайда:

1) салымды салымшы/салымшының заңды өкілі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына жібереді;

2) салым мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) сақтай отырып, Шартты бұзу талаптары бойынша салымшыға/салымшының заңды өкіліне төленеді.

Бұл ретте нысаналы жинақтар төлемдерінің есептелген сомасын қатысушы-банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген оқиғалардың орын алуын растайтын құжаттар келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына аударады.

### **3-тарау. Мемлекет сыйлықақысын есептеу және қайтару шарттары**

18. Мемлекеттің сыйлықақысы бірыңғай тізілімде тіркелген Шарт бойынша жиырма жылдан аспайтын мерзімге есептеледі.

19. Мемлекет сыйлықақысын есептеу "Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бірлескен бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33245 болып тіркелген) Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне (бұдан әрі – мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістеме) сәйкес жыл сайын жинақтаудың ең аз мерзімі бір жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдай бойынша салым сомасының нақты жинақталған қалдығына жүзеге асырылады.

Мемлекет сыйлықақысы Шарттың қолданылу мерзіміне есептеледі.

20. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес бір қатысушы-банктен басқа қатысушы банкке аударылған салымдар бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу салымның бастапқы шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

21. Заңның 11-1-бабының 16-тармағына сәйкес сатып алу сомасын қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аудару есебінен ашылған салымдар бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу бастапқы сақтандыру шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

22. Мемлекет сыйлықақысы салымның негізгі сомасына қосылады ( капиталдандырылады).

23. Мемлекет сыйлықақысы Заңның 13-бабында көзделген мөлшерде есептеледі.

24. Мемлекет сыйлықақысын есептеу:

1) Шарттың 18-тармағында белгіленген есептеу мерзімі аяқталған жағдайда;

2) салымшының/салымшының заңды өкілінің Шартты қолма-қол ұзартудан бас тарту туралы өтініші негізінде Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда;

3) салымшы қайтыс болған, оны соттың әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы не оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

4) Заңның 11-бабы 7-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерде қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына салым қаражаты аударылған сәттен бастап тоқтатылады.

25. Есептелген мемлекет сыйлықақысы мынадай:

1) Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының бастамасы бойынша Шарт бұзылған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

2) егер осы үш жыл ішінде салымшы оқудан шығарылған қатысушы-білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа қатысушы-білім беру ұйымына оқуға түспесе, салымшы қатысушы-білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жыл өткен;

3) жинақтау мерзімі Заңда белгіленген мерзімнен аз болған кезде мемлекет сыйлықақысын төлеу фактісі анықталған;

4) салымшы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

5) артық есептелген мемлекет сыйлықақысы фактісі анықталған жағдайларда қайтарылуы тиіс.

26. Мемлекет сыйлықақысын қайтару:

1) Шарттың 25-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша толық көлемінде;

2) Шарттың 25-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша, мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне жұмсалмаған сома бөлігінде;

3) Шарттың 25-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша, артық есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы бөлігінде жүзеге асырылады.

27. Үшінші тұлғалардың салымдарынан немесе сақтандыру шарттарынан аудару кезінде салымға түскен мемлекет сыйлықақысы Шарттың 25-тармағында көзделген жағдайларда бюджетке қайтарылуға жатады.

#### **4-тарау. Бастапқы білім беру капиталын есептеу және қайтару шарттары**

28. Бастапқы білім беру капиталы бірыңғай тізілімде тіркелген Шарт бойынша есепті жылы бес жасқа толған салымшыға ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген мөлшерде есептеледі.

29. Салымшы/салымшының заңды өкілі бастапқы білім беру капиталы салымға есептелген күннен бастап және салымшы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не салымшы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын күнтізбелік жыл ішінде бастапқы білім беру капиталы есептелген күннен бастап Қағидаларда көзделген мөлшерде ең төменгі жарнаны төлейді.

30. Есептелген бастапқы білім беру капиталы мынадай:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде және мерзімдерде жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеу фактісі анықталған;

2) салымшы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының бастамасы бойынша Шарт бұзылған немесе нысаналы мақсаты сақталмай мерзімнің аяқталуына байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайларда қайтарылуға жатады.

Салымшы/салымшының заңды өкілі төтенше жағдайдың қолданылуы, төтенше ахуал жариялануы, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуі кезеңіне қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылған не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төмен жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, бастапқы білім беру капиталы қайтарылмайды.

31. Үшінші тұлғалардың салымдарынан немесе сақтандыру шарттарынан сақтандыру төлемінен аудару кезінде салымға түскен бастапқы білім беру капиталы Шарттың 30-тармағында көзделген жағдайларда операторға қайтарылуға тиіс.

## **5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

32. Қатысушы-банк:

1) Шарттың 25-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 10-тармағында көзделген банктік шоттарды қоспағанда, банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы салымшының қатысушы-банктегі кез келген банктік шоттарынан бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысының сомасын алып қоюға;

2) Шарттың 30-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 10-тармағында көзделген банктік шоттарды қоспағанда, салымшының қатысушы-банктегі кез келген банктік шоттарынан операторға қайтарылуға жататын бастапқы білім беру капиталының сомасын банктік шотты тікелей дебеттеу жолымен алып қоюға;

3) Шарт бұзылған кезде, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 10-тармағында көзделген банктік шоттарды қоспағанда, уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына одан әрі аудару үшін салымшының банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы қатысушы-банктегі салымшының кез келген банктік шоттарынан қайтарылуға жататын нысаналы жинақ төлемдерінің сомасын (бар болса) алып қоюға;

4) салымшыдан/салымшының заңды өкілінен Шарт шеңберінде қажетті құжаттарды ұсынуды талап етуге;

5) салымшының келісімінсіз салымшының банктік шотына қате есептелген ақша сомаларын алып қоюға;

6) салымға қосымша жарналардың енгізудіңұсынылатын кезеңділігімен мөлшерін есептеуге;

7) салымшының банктік шоты бойынша операциялар жасау жөніндегі қатысушы-банктің қызметтері, шот бойынша операциялар жүргізген күні не сәтінде қолданыста болған қатысушы банктің тарифтеріне сәйкес айырбастауға байланысты шығыстар үшін комиссиялық сыйақы алуға, бұл ретте оны комиссияны тікелей мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының және (немесе) нысаналы жинақтарды төлемдерініңсомасынан ұстап қалмай алуға құқылы.

33. Салымшы/салымшының заңды өкілі:

1) салымға ақша салуға, оның ішінде қатысушы-банк ұсынған тәртіппен және мерзімдерде салуға;

2) салымның жай-күйі туралы толық ақпарат алуға;

3) жылына бір рет қанасалымды толық көлемінде бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке не қатысушы-банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына аударуды жүзеге асыруға;

4) Шарт бойынша мемлекет сыйлықақысын алуға;

5) Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайда бастапқы білім беру капиталын алуға;

6) қатысушы банк Заң талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және Қатысушы-банктің оператормен ынтымақтастығы туралы келісім бұзылған жағдайда, қатысушы-банктің есептелген сыйақысы, мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса), сондай-ақ нысаналы жинақтардың есептелген төлемі (бар болса) бар жинақталған салым қаражатының сомаларын кез келген басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына аударуға;

7) қатысушы-банктің сыйақысы, мемлекет сыйлықақысы есептелген жинақталған қаражат сомасын бірыңғай тізілімде тіркелген Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның салымына аударуға;

8) мемлекет сыйлықақысы және бастапқы білім беру капиталы (бар болса) есептелген жинақталған қаражат сомасын бірыңғай тізілімде тіркелген Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның салымына аударуға;

9) шетелдік білім беру ұйымына түскен жағдайда мемлекеттің есептелген сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), қатысушы-банктің сыйақысын, сондай-ақ нысаналы жинақтардың (бар болса) есептелген төлемін ескере отырып, жинақталған салым қаражатынан оқу ақысын төлеуге;

10) бастапқы білім беру капиталы жоқ салымшыға білім беру гранты берілгенде немесе салымшы кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алғанда немесе салымшының қатысушы-білім беру

ұйымының немесе шетелдік білім беру ұйымының салым ашылған күннен ерте берілмеген күні көрсетілген білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болса:

қатысушы-банктің сыйақысы мен мемлекет сыйлықақысын одан әрі есептей отырып, салым қаражатын жинақтай беруге;

нысаналы жинақтардың (бар болса) есептелген төлемін қоспағанда, салым қаражатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына аударуға;

салым қаражатын басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

салым қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалануға;

нысаналы жинақтардың (бар болса) есептелген төлемін қоспағанда, қатысушы-банктің капиталдандырылған сыйақысы және есептелген мемлекет сыйлықақысы бар салым қаражатын алуға;

өтініш бойынша бұдан бұрын Шартқа, уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына есептелген нысаналы жинақтар (бар болса) төлемдерінің бүкіл сомасын немесе сомасының бір бөлігін аударуға;

11) бастапқы білім беру капиталы бар салымшыға білім беру гранты берілгенде немесе салымшы кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алғанда немесе салымшының қатысушы-білім беру ұйымының немесе шетелдік білім беру ұйымының салым ашылған күннен ерте берілмеген күні көрсетілген білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болса:

қатысушы-білім беру ұйымын білім туралы құжат немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжат ұсынылған жағдайда, нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) қоспағанда, қатысушы-банктің капиталдандырылған сыйақысын, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын ескере отырып, салым қаражатын алуға;

қатысушы-банктің сыйақысы мен мемлекет сыйлықақысын одан әрі есептей отырып, салым қаражатын жинақтай беруге;

нысаналы жинақтардың (бар болса) есептелген төлемін қоспағанда, салым қаражатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына аударуға;

салым қаражатын басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

салым қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалануға;

өтініш бойынша бұдан бұрын Шартқа, уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына есептелген нысаналы жинақтар (бар болса) төлемдерінің бүкіл сомасын немесе сомасының бір бөлігін аударуға;

12) барлық оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төленгеннен кейін салымда қаражат қалдығы болса, нысаналы жинақтардың аударылған төлемін (бар болса) қоспағанда, осы салым сомасын қатысушы-банктің сыйақысын, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса) ескере отырып, алып қоюға құқылы.

#### 34. Қатысушы-банк:

1) Шарт жасасу кезінде салымшының Заң белгілеген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ салымшының атына жасалған қолданыстағы салым шартының немесе салымшы мен пайда алушы бір тұлға болып табылатын сақтандыру шартының болмауын тексереді;

2) салымшының банктік шотына ақша қабылдайды;

3) ай сайын салымшыға ай сайынғы капиталдандыруды ескере отырып салым сомасына сыйақы аударады;

4) мемлекет сыйлықақысы келіп түскенде екі жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес салымшының банктік шотына есептейді;

5) бастапқы білім беру капиталы келіп түскенде бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес салымшының банктік шотына есептейді;

6) уәкілетті оператордан нысаналы жинақтардың төлемдерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес салымшының банктік шотына есептейді;

7) салымшы/салымшының заңды өкілі салымшыны қатысушы-білім беру ұйымына не шетелдік білім беру ұйымына қабылдау туралы растайтын құжаттар және ақша аудару туралы тиісті тапсырма ұсынған кезде үш жұмыс күні ішінде салымшының тапсырмасына сәйкес мөлшерде тиісті қатысушы-білім беру ұйымының немесе шетелдік білім беру ұйымының банктік шотына салым қаражатын аударады;

8) Шарттың 25-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде оператордан мемлекет сыйлықақысы сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оператор арқылы мемлекет сыйлықақысын бюджетке аударады;

9) Шарттың 30-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде оператордан бастапқы білім беру капиталы сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бастапқы білім беру капиталын операторға аударады;

10) Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының/салымшының заңды өкілінің бастамасы бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылғанда немесе нысаналы мақсаты сақталмай мерзімнің аяқталуына байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылғанда, бюджетке қайтарылуға тиіс мемлекет сыйақысын, операторға қайтарылуға тиіс бастапқы білім беру капиталын (бар болса), уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына қайтарылуға тиіс есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, салымның негізгі сомасын және қатысушы-банктің сыйақы мөлшерлемесінен төмен есептелмейтін сыйақы төлейді;

11) салым қаражатын басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына не Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның салымына аудару процесінде салымшыға/салымшының заңды өкіліне қолма-қол ақша бермейді;

12) оператордан растау алғаннан кейін салымдар бойынша барлық шығыс операцияларын жүргізеді;

13) салым қаражатын басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару кезінде төлем тапсырмасында салым сомасын және есептелген нысаналы жинақтар төлемінің сомасын көрсетеді.

35. Салымшы/салымшының заңды өкілі:

1) ақшаны ұлттық валюта – теңгемен салады;

2) жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар болып табылатын салымшыларды қоспағанда, бастапқы білім беру капиталының салымына есептелген жағдайда жыл сайын ең төменгі жарнаны енгізеді;

3) қатысушы-білім беру ұйымына салым қаражатынан білім беру қызметтеріне ақы төлеу кезінде білім беру қызметтерін көрсету шартының түпнұсқасын не көшірмесін ұсынады;

4) шетелдік білім беру ұйымдарына білім беру қызметтеріне салым қаражатынан ақы төлеу кезінде қазақ не орыс тіліне аудармасы нотариалды куәландырылған оқуға қабылдау туралы растайтын құжаттар (білім беру қызметтерін көрсету шарты, инвойс) ұсынады;

5) "Білім беру қызметінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысандарға сәйкес жоғары білім

беру топтары бойынша білім беру грантын беру туралы куәлікті немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру грантын беру туралы куәлікті, салымшыға білім алуға ақы төлеу үшін білім алу грантының берілуіне байланысты салым қаражатын алған жағдайда – мемлекеттік білім алу тапсырысын орналастыру негізінде салымшыны қабылдау туралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы бұйрығының көшірмесін береді;

6) қайтыс болуына, соттың әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп тануына не қайтыс болды деп жариялануына байланысты немесе денсаулығы жағдайының салдарынан салымшының оқуын жалғастыра алмауы себепті салым қаражаты алынған жағдайда растайтын құжат ұсынады;

7) оқудың бүкіл кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төленуіне байланысты салым қаражатының қалдығы алынған жағдайда қатысушы-білім беру ұйымының/шетелдік білім беру ұйымының растайтын құжатын ұсынады;

8) салымшының тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері өзгерген жағдайда өзгерістер болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде еркін түрде хабарлайды;

9) мемлекет сыйлықақысының есептелуіне байланысты әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтары мен 28 ақпаны аралығындағы кезеңде бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына салым аудармайды;

10) салым қаражатын бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына не Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның салымына аудару кезінде салым қаражатын алмайды;

11) Шарттың 25-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде салымшының қатысушы-банктегі кез келген банктік шотынан бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысының сомасын алуға келісім береді;

12) Шарттың 30-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде салымшының қатысушы-банктегі кез келген банктік шоттарынан операторға қайтарылуға жататын бастапқы білім беру капиталының сомасын (бар болса) алуға келісім береді;

13) Шарт бұзылған кезде салымшының қатысушы банктегі кез келген банктік шоттарынан уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына қайтарылуға жататын нысаналы жинақтардың есептелген төлем сомасын (бар болса) алуға келісім береді.

## **6-тарау. Шартты өзгерту ережелері мен бұзу тәртібі**

36. Салымшының/салымшының заңды өкілінің/енгізушінің салымға ақша салуы Шартқа қосымша келісімге қол қою қажеттілігінсіз кез келген уақытта жүзеге асырылады.

37. Салымшы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда қатысушы-банк салымшыны бұл туралы Шартты іс жүзінде бұзған күннен бастап күнтізбелік он күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзады. Бұл ретте салым салымшыға/салымшының заңды өкіліне бірінші талап қойылған кезде төленеді, оператордың көшірме-анықтамасы бойынша есептелген мемлекет сыйлықақысы оператор арқылы Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес бюджетке қайтарылады, оператордың көшірме-анықтамасы бойынша есептелген бастапқы білім беру капиталы (бар болса) операторға қайтарылады, нысаналы жинақтар төлемдері (бар болса) уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына қайтарылады.

38. Кәмелетке толмаған салымшының заңды өкілдерінің бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзуға қатысушы-банкке кәмелетке толмаған салымшының атынан заңды өкілдік ету құқығын куәландыратын құжаттар (қорғаншылық және қамқоршылық органы берген құжаттар және басқалар) ұсынылған кезде жол беріледі.

39. Салым "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерді міндетті сақтандыру объектісі болып табылады. Қатысушы-банк \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ куәліктің негізінде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.

Егер қатысушы-банк Ұлттық пошта операторы болса, салымның сақталуы оны "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға және өзге де өтімді қаржы құралдарына орналастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

40. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты депозиттерге кепілдік беру ережелері өзгерген жағдайда, Шартты ұзарту жағдайларын қоса алғанда, Шартқа Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер ескеріле отырып кепілдік беру ережелері қолданылады.

## **7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

41. Шарттың 34-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде Қатысушы-банк салымшыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының мөлшерінен 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді және салымшыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде залалдарды өтейді.

42. Тараптар Шарт бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

43. Салымшының білім беру кредиті бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Қатысушы-банк алдындағы жауапкершілігі Қатысушы-банк пен салымшы арасында жасалатын банктік қарыз шартында белгіленеді.

44. Мемлекеттік білім беру кредиті бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін салымшының оператор алдындағы жауапкершілігі оператор мен салымшы арасында жасалатын кредиттік шартта және онымен байланысты мәмілелерде белгіленеді.

45. Тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

## **8-тарау. Құпиялылық**

46. Тараптар, қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді.

## **9-тарау. Форс-мажор**

47. Шартқа қол қойылғаннан кейін туындаған және шарт бойынша қандай да бір міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалуына кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің, атап айтқанда, әскери іс-қимылдардың, дүлей зілзалалардың, ереуілдердің, мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу жөніндегі заңнамалық шешімдерінің төтенше жағдайлары туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдаяттардың орын алу уақытына ұзартылады.

48. Шарттың 47-тармағында көрсетілген жағдаяттардың орын алуына байланысты Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауы туындаған Тарап мұндай жағдаяттар орын алған күннен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей бұл жайында басқа Тарапқа хабарлайды. Мұндай хабарламада қамтылған фактілерді уәкілетті ұйымдар құжаттармен растауға тиіс.

49. Орын алған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау тиісті Тарапты оны шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың қандай да болсын біріне сілтеме жасау құқығынан айырады.

## **10-тарау. Дауларды қарау тәртібі**

50. Шартты жасасу және орындау процесінде туындайтын немесе онымен байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар он күн мерзімде бірлесіп қарауға міндеттенеді. Туындаған даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралады.

## **11-тарау. Қорытынды ережелер**

51. Шарт қатысушы-банкке Шарттың 10-тармағында көзделген бастапқы жарна түскен сәттен бастап күшіне енеді.

52. Салымды салымшы/салымшының заңды өкілі оны орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін талап етпесе және (немесе) Тараптардың ешқайсысы оның қолданылуын тоқтатуға ниет білдірмесе, онда қатысушы-банктің қалауы бойынша Шарт салымды орналастыру мерзімі ұзартылған күнге салымның осы түрі үшін қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесі бойынша сыйақы есептеле отырып, сол мерзімге және сол талаптарменқолма қол ұзартылады.

53. Салымшы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не салымшы он сегіз жасқа толғанға дейін бастапқы білім беру капиталы салымға есептелген жағдайда Шарт салымды орналастыру мерзімі ұзартылған күнге салымның осы түрі үшін қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесі бойынша сыйақы есептеле отырып, сол мерзімге және сол талаптарменқолма қол ұзартылады.

Шарттың мерзімін қолма қол ұзарту талаптары аяқталған кезде Шарттың 52-тармағының ережелері қолданылады.

54. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде қосымша келісімдер жасау және оларға қол қою арқылы жүргізіледі.

55. Шартта көрсетілген ақпарат өзгерген жағдайда тиісті Тарап басқа Тарапты осындай өзгерістер жайында жеті жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

56. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

57. Шарт екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде заңды күші бірдей бір-бір данадан жасалды.

58. Шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

## 12-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Қатысушы-банк	
_____	
(қатысушы-банктің атауы)	Салымшы/салымшының заңды өкілі
_____	_____
(бизнес-сәйкестендіру нөмері, мекенжайы)	(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса ))
_____	_____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))	(жеке сәйкестендіру нөмері, мекенжайы)
_____	_____
(қолы)	(қолы)
Мөр орыны	

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары  
білім министрінің  
2024 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 7 және  
Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің

## Білім беру жинақтаушы сақтандырудың үлгілік шарты

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Серия № \_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде "өмірді сақтандыру" сыныбы бойынша "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ берген № \_\_\_\_\_ лицензияның \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ және  
(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 3-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қатысушы-сақтандыру ұйымы бекіткен "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде әрекет етуші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
арқылы бұдан әрі "Қатысушы-сақтандыру ұйымы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ (сақтандыру ұйымының толық атауы және мекен-жайы)  
бір жағынан, және бұдан әрі "Сақтанушы" немесе "Сақтандырылушы" деп аталатын  
азамат (азаматша) \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_ жеке сәйкестендіру нөмірі, мекен-жайы)  
жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_  
(сериясы, нөмірі), (кім берді, берілген күні)  
екінші жағынан, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бұдан әрі "Пайда табушы" деп аталатын азаматтың (азаматшаның) \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса),

\_\_\_\_\_ жеке сәйкестендіру нөмірі, резиденттік нышаны және экономика секторының коды)

пайдасына төмендегілер туралы осы Білім беру жинақтаушы сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

## **1-тарау. Шартта пайдаланылатын ұғымдар**

1. Шартта келесі ұғымдар қолданылады:

1) нысаналы жинақтарды төлемдері-нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы жинақтар шотынан төленетін нысаналы жинақтардың сомасы;

2) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорындағы нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар) - Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры инвестициялық кірісінің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған және жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық кірістің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған елу пайызы есебінен нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында жинақталған ақша;

3) уәкілетті операторлар - тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтау төлемдерін есептеу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы.

Шартта пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тарау. Шарттың мәні және жалпы ережелері**

2. Шарттың мәні Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу, ал Қатысушы-сақтандыру ұйымының сақтандыру оқиғасының орын алуы нәтижесінде Пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жасау жөніндегі міндеттемесі болып табылады.

Сақтандыру объектісі Сақтандырылушының сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруіне, Сақтандырылушының сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде қайтыс болуына немесе оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері болып табылады

3. Шарт жазбаша түрде:

1) Тараптардың Шарт жасасуы;

2) Сақтанушының Шарт талаптарына қосылуы және Қатысушы- сақтандыру ұйымының Сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі жолымен жасалады. Шарт жасасу фактісін растайтын құжат болып табылатын сақтандыру полисіне Қатысушы-сақтандыру ұйымы қол қойған немесе ресімдеген күн Шарт жасасу күні

болады. Бұл ретте сақтандыру полисі "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысымен бекітілген Сақтандыру полистерінің мазмұны мен ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген).

Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және Сақтанушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын Сақтанушының өтініші Шарт жасасуға негіз болып табылады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 04.05.2026 № 226 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 119-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Шартты электрондық нысанда жасасу кезінде Сақтанушының, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - Пайда алушы мен Қатысушы- сақтандыру ұйымы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-2-бабымен айқындалады.

4. Сақтандыруға өтініш ресімдеу кезінде Сақтанушы мен Пайда алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге, сақтандыру құпиясын ашуға келісімді Қатысушы-сақтандыру ұйымы мен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің операторына (бұдан әрі – оператор) Сақтанушы Шарт жасасқанға дейін береді.

Қатысушы-сақтандыру ұйымы мен оператор Сақтанушы мен Пайда алушының дербес деректерінің таралғаны, сақтандыру құпиясының ашылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Бастапқы білім беру капиталын есептеу Шарттың 23-тармағында көзделген жағдай туындаған кезде жүзеге асырылады.

6. Тараптар қол қойған Шарт білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарының бірыңғай тізілімде (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) тіркелуге жатады. Оператор Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының Заң мен Шарттың талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Шартты бірыңғай тізілімде тіркеуден бас тартқан кезде Шарт оператор тіркеуден бас тарту туралы хабарламасын алған күннен бастап бұзылады, Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін Қатысушы-сақтандыру ұйымы Шарт бұзылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қандай да бір комиссия алмай төлейді.

**3-тарау. Шарттың қолданылу кезеңі, сақтандыру сомасының, сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу тәртібі мен мерзімдері**

7. Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал ол бөліп төленгенде - бірінші сақтандыру жарнасы төленгенде күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады және \_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қоса алғанда толық қолданылады.

8. Сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңі: \_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

9. Шарт бойынша сақтандыру сомасы \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

10. Сақтандыру аумағы: бүкіл дүние жүзі.

11. Қатысушы-сақтандыру ұйымына ақы төлеуге арналған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері \_\_\_\_\_ теңгені (цифрмен және жазумен) құрайды.

12. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Қатысушы-сақтандыру ұйымына төлеу:

бір рет (сақтандыру сыйлықақысы) - \_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде ;

бөліп төлеу (сақтандыру жарналары) - ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жылына бір рет жүзеге асырылады.

Сақтандыру жарналарын төлеу " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. Бастапқы білім беру жинақтау сақтандыруы шартын (бұдан әрі – сақтандыру шарты)/білім беру жинақтау салымы туралы шартын (бұдан әрі – салым шарты) жасасу күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

#### **4-тарау. Мемлекет сыйлықақысын есептеу және қайтару шарттары**

14. Мемлекет сыйлықақысы бірыңғай тізілімде тіркелген Шарт бойынша жиырма жылдан аспайтын мерзімге есептеледі.

15. Мемлекет сыйлықақысын есептеу "Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бірлескен бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33245 болып тіркелген) Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне (бұдан әрі – мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесі) сәйкес жыл сайын жинақтаудың ең аз мерзімі бір жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдаймен Шарт бойынша есепті сомаға жүзеге асырылады.

Мемлекет сыйлықақысы Шарттың қолданылу мерзіміне есептеледі.

16. Заңның 11-1-бабының 16-тармағына сәйкес салым сомасын бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару

кезінде Шарт бойынша есептік сомаға мемлекет сыйлықақысын есептеу бастапқы сақтандыру шартының жасалған күні ескеріле отырып жүргізіледі.

17. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру жинақтау салымының сомасын (бұдан әрі – салым) қатысушы-банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару кезінде мемлекет сыйлықақысын Шарт бойынша есепті сомаға жазу бастапқы салым шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

18. Мемлекет сыйлықақысы Заңның 13-бабында көзделген мөлшерде есептеліп, Шарт бойынша есептік сомаға қосылады.

19. Мемлекет сыйлықақысын есептеу:

- 1) Шарттың 14-тармағында белгіленген есептеу мерзімі өткен жағдайда;
- 2) Сақтанушының Шартты қолма-қол ұзартудан бас тарту туралы өтініші негізінде Шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда;
- 3) Пайда алушыны қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;
- 4) сақтандыру төлемін Заңның 11-1-бабы 11-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына аударған сәттен бастап тоқтатылады.

20. Есептелген мемлекет сыйлықақысы мынадай:

1) инвестициялық кірісті және басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, салым сомасын аударуға байланысты шартты бұзу жағдайын қоспағанда, Сақтанушының бастамасы бойынша немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

2) егер осы үш жыл ішінде пайда алушы оқудан шығарылған қатысушы- білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа қатысушы-білім беру ұйымына оқуға түспесе, Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жыл өткен;

3) Пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

4) артық есептелген мемлекет сыйлықақысының фактісі анықталған жағдайларда қайтарылуға жатады.

21. Мемлекет сыйлықақысын қайтару:

1) Шарттың 20-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша толық көлемінде;

2) Шарттың 20-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша, мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне жұмсалмаған сома бөлігінде;

3) Шарттың 20-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша, артық есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы бөлігінде жүзеге асырылады.

22. Үшінші тұлғалардың сақтандыру төлемін сақтандыру шарттарынан немесе салымдарынан аудару кезінде Шартқа түскен мемлекет сыйлықақысы Шарттың 20-тармағында көзделген жағдайларда бюджетке қайтарылуға жатады.

#### **5-тарау. Бастапқы білім беру капиталын есептеу және қайтару шарттары**

23. Бастапқы білім беру капиталы бірінші тізілімде тіркелген Шарт бойынша есепті жылы бес жасқа толған Пайда алушыға ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларында көзделген мөлшерде есептеледі.

24. Сақтанушы бастапқы білім беру капиталын Шартқа енгізген күннен бастап және Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не Пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін:

1) сақтандыру сыйлықақысы бір жол төленетін сақтандыру шарттары бойынша және Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне ең төменгі жарна мөлшеріне қойылатын талаптарды сақтау үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасы жеткілікті болған жағдайда - ең төменгі жарна Сақтанушының қосымша төлеуіне жатпайды;

2) сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленетін сақтандыру шарттары бойынша Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтандыру шартының келесі қолданылу жылына ең төменгі жарна мөлшеріне қойылатын талаптарды орындау үшін төленген сақтандыру сыйлықақысы сомасының жеткіліксіз екенін анықтаған кезде – ең төменгі жарна Сақтанушының жыл сайынғы ең төменгі жарнадан кем болмайтын мөлшерде сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу жолымен қосымша төлеуіне жатады.

Шартты қолданудың есепті жылы ең төменгі жарна бойынша талаптар орындалмаған жағдайда Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыны сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізу қажеттігінен хабардар етеді.

25. Бастапқы білім беру капиталы Шарттың есептік сомасына қосылады.

26. Есептелген бастапқы білім беру капиталы мынадай:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартта айқындалған мөлшерде жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеу фактісі анықталған;

2) Пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) Заңның 11-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы - Пайда алушы қайтыс болған жағдайда Сақтанушының бастамасы бойынша Шарт бұзылған немесе нысаналы мақсаты сақталмай мерзімнің өтуіне байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайларда қайтарылуға жатады.

Сақтанушы төтенше жағдайдың қолданылуы, төтенше жағдайдың жариялануы, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуі кезеңінде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылған не ол қайтыс болған жағдайда жыл

сайынғы ең төмен жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, бастапқы білім беру капиталы қайтарылмайды.

27. Үшінші тұлғалардың сақтандыру төлемін сақтандыру шарттарынан немесе салымдарынан аудару кезінде Шартқа түскен бастапқы білім беру капиталы Шарттың 26-тармағында көзделген жағдайларда операторға қайтарылуға жатады.

#### **6-тарау. Шарт бойынша сақтандыру оқиғасы**

28. Сақтандыру оқиғасы:

- 1) Сақтанушының Шартта белгіленген күнге дейін өмір сүруі;
- 2) Сақтанушыға сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі;
- 3) Шарттың 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде Сақтанушының қайтыс болуы болып табылады.

29. Егер Шарттың 28-тармағының 3) тармақшасында көзделген сақтандыру оқиғасы :

- 1) Шарттың қолданылуының алғашқы екі жылында өзіне өзі қол жұмсауы;
- 2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 3) әскери іс-қимылдар;
- 4) азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 5) медициналық мекеменің білікті дәрігері жазып берген дәрі-дәрмектерді пайдалануды (медициналық куәландыру/сараптама жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде) қоспағанда, Сақтанушының этанолмен, алкогольмен, есірткі құралдармен немесе психотроптық заттармен улануы;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 7) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілермен тәртіппен сақтандыру оқиғасымен себеп-салдарлық байланысы бар қасақана жасалған қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттер салдарынан орын алса, Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

30. Шарттың 28-тармағының 2) тармақшасымен көзделген сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтанушы Шарттың 56-тармағында көзделген Қатысушы-сақтандыру ұйымына растайтын құжаттарды ұсына отырып, оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезеңге сақтандыру жарналарын төлеуден босатылады.

Сақтанушыға белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік (мүгедектікті оңалту) алынған сәттен бастап Сақтанушы Шарт бойынша сақтандыру жарналарын

төлеуді қайта бастайды. Бұл ретте Шарт бойынша сақтандыру сомасы өзгеріссіз қалады

## **7-тарау. Сақтандыру төлемін жасау шарттары**

31. Пайда алушы Қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскен кезде Сақтанушы немесе Пайда алушы қатысушы-сақтандыру ұйымына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) сақтандыру төлемін жасауға өтініш;

2) қатысушы-білім беру ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төленгенде Пайда алушыға білім беру қызметтерін көрсету шартының көшірмесі;

3) шетелдік білім беру ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төленгенденотариалды куәландырылған қазақ не орыс тіліндегі аудармасымен Пайда алушыны қабылдау туралы растайтын құжаттар(білім беру қызметтерін көрсету шарты, инвойс);

4) шетелдік білім беру ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төлеу және сақтандыру төлемінің сомасын осы шотқа аудару мақсатында ғана банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға Пайда алушының құқығын шектей отырып, оның атына "эскроу-шот" режимінде банктік шот ашу үшін қажетті құжаттар.

32. Бастапқы білім беру капиталы жоқ Пайда алушыға білім беру гранты берілгенде немесе Пайда алушы кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алғанда немесе Пайда алушының қатысушы-білім беру ұйымы немесе шетелдік білім беру ұйымы Шарт жасасудан ерте берілмеген күні көрсетілген білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болса, Сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушы Қатысушы-сақтандыру ұйымына "Білім беру қызметінде жоғары немесе (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдаланылатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысандарға сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру грантын беру туралы куәлік немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім грантын беру туралы куәлік немесе кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру негізінде Пайда алушыны қабылдау туралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының бұйрығынан үзінді, сондай-ақ мынадай өтініштердің бірі:

1) инвестициялық кіріс пен есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру төлемін жасауға өтініш;

2) басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға және сақтандыру төлемін білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға өтініш;

3) инвестициялық кіріс пен мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның сақтандыру төлемін сақтандыру шартын төлеуге немесе салымына аударуға өтініш;

4) инвестициялық кіріс пен есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға аударуға өтініш;

5) нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына аударуға өтініш береді.

33. Бастапқы білім беру капиталы бар Пайда алушыға білім беру гранты берілгенде немесе Пайда алушы кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін алғанда немесе Пайда алушының қатысушы-білім беру ұйымы немесе шетелдік білім беру ұйымы Шарт жасасудан ерте берілмеген күні көрсетілген білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болса, Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушы Қатысушы-сақтандыру ұйымына инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын ескере отырып, қатысушы-білім беру ұйымының білім туралы құжатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжатын нотариалды түрде куәландырылған қазақ не орыс тілдеріне аудармасымен, сондай-ақ Шарттың 31 және 32-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынып сақтандыру төлемін алуға өтініш береді.

34. Пайда алушыға білім беру грантын берілгенде Шарт бойынша есептелген нысаналы жинақтар төлемдерінің сомасын (бар болса) Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушы не оның заңды өкілі:

1) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысынтөлеу мақсатында пайдалану небірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған Пайда алушының нысаналы жинақтаушы шотына аудару сәтіндегі валюта бағамы бойынша АҚШ долларымен қайтарып алу үшін уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына аударуға;

2) басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында Шарттың мерзімін ұзартуға және Шарт бойынша сақтандыру төлемін білім беру қызметтерінің ақысын төлеуге жұмсауға құқылы.

35. Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскенде шарттық негізде сақтандыру төлемін Қатысушы-сақтандыру ұйымы қатысушы-білім беру ұйымына немесе Сақтанушының өтініші негізінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына, Сақтанушының, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - Пайда алушының не оның заңды өкілінің өтініші негізінде үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін) жүзеге асырады.

Төлемдерді кезең-кезеңмен жүзеге асырғанда Сақтанушының Шарт бойынша кезеңді төлемдерді индекстеуге құқығы бар.

Кезеңдік негізде жүзеге асырылатын төлемдерді индекстеу мөлшерлемесінің көлемі \_\_\_\_\_ пайыз.

(цифрмен және жазумен)

36. Сақтанушы, ал Сақтанушы қайтыс болған жағдайда- Пайда алушы не оның заңды өкілі Қатысушы сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемін жасауға жазбаша өтініш берген және Шарттың 31-тармағында көзделген барлық қажетті құжаттар алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қатысушы-сақтандыру ұйымы Қатысушы-білім беру ұйымының немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымының банктік шотына сақтандыру төлемінаударуды жүзеге асырады.

37. Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскен кезде шарттық негізде сақтандыру төлемі ақша сомасын Шарттың 36-тармағында көзделген мерзімде " Эскроу-шот" режимінде банктік шотқа аудару жолымен жүзеге асырылады.

"Эскроу-шот" режимінде банктік шот ашу бойынша шығыстар Қатысушы-сақтандыру ұйымының қаражаты есебінен төленеді.

38. Сақтандыру төлемінің мөлшері Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін бүкіл оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу сомасынан асып кетсе, сақтандыру төлемі, есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса)қоспағанда, асып кету сомасы мөлшерінде Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыға не оның заңды өкіліне төленуге тиіс.

39. Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыға Қатысушы-білім беру ұйымынан немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымынан шығарылсане көрсетілген кезеңде басқа Қатысушы- білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түспесе, сақтандыру төлемін үш жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруды ұсынады.

Пайда алушы оқудан шығарылған Қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына

қайта қабылданбаған не осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде басқа Қатысушы-білім беру ұйымынанемесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түспеген жағдайдаҚатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда Пайда алушыға Шарттың 8-тарауында көзделген тәртіппен сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырады.

#### **8-тарау. Шарт бойынша сатып алу сомасын төлеу ережелері мен мөлшері**

40. Сақтанушы сатып алу сомасы болса, оны Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беріп немесе Қатысушы-сақтандыру ұйымының бастамасы бойынша Шарт тоқтатылғанда алуға құқығы бар.

41. Қатысушы сақтандыру ұйымы мынадай:

1) Пайда алушыоқудан шығарылған Қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына қайта қабылданбаған;

2) басқа Қатысушы-білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына оқуға түспеген жағдайлардабюджетке қайтарылуға жататын есептелген мемлекет сыйлықақысын және уәкілетті операторда ашылғанПайда алушының банктік шотына қайтарылуға жататын нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) шегеріп тастап, сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырады.

42. Пайда алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда-оның мұрагерлері:

1) Пайда алушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлғамен ауыстыруға;

2) есептелген мемлекетсыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) сақтай отырып, Шарт бойынша сатып алу сомасын алуға құқылы.

Бұл ретте нысаналы жинақтар төлемдерінің есептелген сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

43. Сот Пайда алушыны әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе Пайда алушы денсаулық жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмайтынжағдайда, Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болса - оның мұрагерлері:

1) Пайда алушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлғамен ауыстыруға;

2) есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) сақтай отырып, Шарт бойынша сатып алу сомасын алуға құқылы.

Бұл ретте Қатысушы-сақтандыру ұйымы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген оқиғалардың орын алуын растайтын құжаттар келіп түскен күннен бастап

жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына нысаналы жинақтар төлемдерінің есептелген сомасын (бар болса) аударады.

44. Шарттың 42 және 43-тармақтарында көзделген оқиғалар орын алғанда Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда- Пайда алушы не оның заңды өкілі немесе Пайда алушы қайтыс болған кезде - Сақтанушының мұрагерлері Қатысушы-сақтандыру ұйымына мынадай құжаттар:

1) мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) сақтай отырып, сатып алу сомасын алуға не Пайда алушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлғамен ауыстыруға өтініш;

2) Пайда алушының қайтыс болу, соттың Пайда алушыны әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп тану не оны қайтыс болды деп жариялау немесе Пайда алушының денсаулық жағдайының салдарынан оқуын жалғастыра алмау фактісін растайтын құжат ұсынады.

45. Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған және Шарттың талаптарына сәйкес сақтандыру оқиғасы болып табылмайтын Сақтандырылушының қазасы кезінде Шарттың қолданылуы Сақтандырылушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады және Сақтандырылушы мұрагерлерінің сатып алу сомасы болған жағдайда оны алуға құқығы бар. Бұл жағдайда мемлекет сыйлықақысы бюджетке қайтарылуға, бастапқы білім беру капиталы (бар болса) операторға қайтарылуға, нысаналы жинақтардың төлем сомасы (бар болса) уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтарылуға жатады.

46. 41, 42 және 43-тармақтарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушы Қатысушы-сақтандыру ұйымына Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беріп, сатып алу сомасы болған жағдайда оны алуға құқылы. Бұл жағдайда мемлекет сыйлықақысы бюджетке қайтарылуға, бастапқы білім беру капиталы (бар болса) операторға қайтарылуға, нысаналы жинақтардың төлем сомасы (бар болса) уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтарылуға жатады.

Сатып алу сомасы болған жағдайда оны алу үшін Сақтанушы мынадай құжаттар:

1) жазбаша өтініш;

2) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) Шарт қағаз жеткізгіште ресімделген кезде оның түпнұсқасын немесе телнұсқасын береді.

47. Сақтанушыға төленуге тиісті сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушыдан Шартты бұзу туралы өтініш алынған күн бойынша есептеледі.

48. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сатып алу сомасы болған жағдайда оны Шарттың 46-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді.

49. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сатып алу сомасы болған жағдайда оны төлеген кезде мерзімінен бұрын тоқтату күніне дейін төлеуге жататын мерзімі өткен сақтандыру жарналары бойынша Сақтанушының берешегі мөлшерінде ақша сомасын, есептелген мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының сомасын (бар болса), Шартты бұзу күніне есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса), сондай-ақ Сақтанушының Қатысушы- сақтандыру ұйымы алдындағы кез келген басқа берешегін, оның ішінде айырбастауға байланысты шығыстады ұстап қалуға құқылы.

50. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сәйкес Заңның 11-1-бабының 16-тармағына сәйкес Сақтанушының сатып алу сомасын бір Қатысушы- сақтандыру ұйымынан басқа Қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аудару туралы өтініші негізінде сатып алу сомасын аударуды инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса), есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) ескере отырып, өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

## **9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

51. Қатысушы-сақтандыру ұйымы:

1) Сақтанушыдан Шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) сақтандыру төлемінен:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және қағидаларында көзделген негіздер бойынша;

Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болып табылмайтын себептен қайтыс болғанда;

Сақтанушы денсаулық жағдайы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған кезде;

егер Сақтандырылушымен болған оқиға Шарт бойынша сақтандырып қорғау қолданылмаған кезеңде орын алса;

Қатысушы-сақтандыру ұйымына Сақтандырылушының қайтыс болу себебін және (немесе) сақтандырылушының қайтыс болу себебінің анықталмауын, оның ішінде жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтінішінің не осы адамның көзі тірісінде оның жазбаша ерік білдіруі негізінде патологиялық-анатомиялық ашып қарау жүргізуден бас тартуды растайтын құжаттарды ұсынбаған кезде бас тартуға құқылы.

Шарттың осы тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда Қатысушы-сақтандыру ұйымы мемлекет сыйлықақысын бюджетке, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) операторға, есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтара отырып, сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырады;

3) осы Шартта көрсетілген құжаттармен расталатын мәліметтерді тексеру үшін мемлекеттік базалардан электрондық мәліметтерді/ақпаратты пайдалануға құқылы.

52. Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушы не оның заңды өкілі:

1) Қатысушы-сақтандыру ұйымынан Шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) Шарт бойынша толық ақпарат алуға;

3) Шарт бойынша мемлекет сыйлықақысын алуға;

4) Шарттың 23-тармағында көзделген жағдайда бастапқы білім беру капиталын алуға;

5) есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, сатып алу сомасын ала отырып, Шартты бұзуға;

6) Қатысушы-сақтандыру ұйымы Заң талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және Қатысушы-сақтандыру ұйымының оператормен ынтымақтастығы туралы келісім бұзылған кезде есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) ескере отырып, сатып алу сомасын кез келген басқа Қатысушы-сақтандыру ұйымына немесе қатысушы-банкке аударуға;

7) бастапқы білім беру капиталы жоқ Пайда алушыға білім беру гранты берілгенде немесе Пайда алушыда тиісті білім туралы құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған кезде:

есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кіріс пен есептелген мемлекет сыйлықақысы ескеріле отырып есептелген Шарт бойынша сақтандыру төлемін алуға;

Шарттың қолданылу мерзімін ұзартып, сақтандыру төлемін басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кіріс пен мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру төлемін сақтандыру шартын төлеуге немесе салымға аударуға;

есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кіріс пен есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға аударуға;

өтініш бойынша бұдан бұрын Шартқа есептелген нысаналы жинақтар төлемінің (бар болса) бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына аударуға;

8) бастапқы білім беру капиталы бар Пайда алушыға білім беру гранты берілгенде немесе Пайда алушының тиісті білім туралы құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болса:

қатысушы-білім беру ұйымының білім туралы құжаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжаты ұсынылған жағдайда есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын ескере отырып Шарт бойынша сақтандыру төлемін алуға;

Шарттың қолданылу мерзімін ұзартып, сақтандыру төлемін басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кіріс пен мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру төлемін сақтандыру шартын төлеуге немесе салымға аударуға;

есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кіріс пен есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға аударуға;

бұдан бұрын Шартқа есептелген нысаналы жинақтар төлемінің (бар болса) бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына аударуға құқылы.

### 53. Қатысушы-сақтандыру ұйымы:

1) Пайда алушының Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ Пайда алушының пайдасына жасалған қолданыстағы сақтандыру шартының немесе Пайда алушы мен салымшы бір тұлға болып табылатын салымы шартының болмауын тексереді;

2) Қатысушы-сақтандыру ұйымы заң талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және Қатысушы-сақтандыру ұйымының оператормен ынтымақтастығы туралы келісім бұзылған кезде Сақтанушыны үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді;

3) сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) Шартта белгіленген мерзімде алмаған кезде Сақтанушыға кезекті сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі жайында

хабардар етеді. Сақтандыру жарналарын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі;

4) мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса), нысаналы жинақтар төлемдері (бар болса) келіп түскен кезде оларды бес жұмыс күні ішінде Шартқа есептейді;

5) Шарттың 20 және 26-тармақтарында көзделген жағдайлар туындаған кезде оператордан есептелген мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталы(бар болса) сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде операторға бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын оператор арқылы бюджетке аударады;

6) Заңның 11-1-бабының 16-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Сақтанушының бастамасы бойынша шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысын, операторға қайтарылуға жататын бастапқы білім беру капиталын (бар болса), уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтаруға жататын есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, Шарт бойынша сатып алу сомасын төлейді;

7) Сақтанушы басқа қатысушы-сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасқан кезде немесе салымшы мен Пайда алушы бір тұлға болып табылатын салымы шарт жасасқанда инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), есепке алынған нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) ескере отырып, сатып алу сомасын басқа Қатысушы-сақтандыру ұйымына не Қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аударады;

8) Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыға сақтандыру төлемін Қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын төлеуге не салымына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға аудару, сондай-ақ Заңның 11-1-бабының 16-тармағы негізінде сатып алу сомасын басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына немесе қатысушы-банкке аудару процесінде қолма-қол ақша бермейді.

54. Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - Пайда алушы:

1) Шарт жасасуға арналған өтініште сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдығын айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді ұсынады және ұсынылған мәліметтер үшін жауапты болады;

2) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз қаражатпен Шартта белгіленген мерзімдерде және талаптармен төлейді;

3) Қатысушы-сақтандыру ұйымына Шартта белгіленген жағдайларда және көлемде құжаттар ұсынады;

4) Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін сақтандыру төлемінің мөлшері бүкіл оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеудің толық сомасының асып кетсе, есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) қоспағанда, асып кеткен сома мөлшерінде сақтандыру төлемін алу үшін қатысушы-білім беру ұйымының немесе шетелдік білім беру ұйымының растайтын құжатын ұсынады;

5) үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қатысушы-сақтандыру ұйымына Пайда алушыны оқуға қабылдау, ауыстыру, академиялық демалыс ресімдеу, академиялық демалыстан оралу, қайта қабылдау, Қатысушы-білім беру ұйымынан немесе шетелдік білім беру ұйымынан шығару кезінде, оның ішінде оқу орнын бітіруіне байланысты оған қатысты растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады;

6) Шартты бұзу күніне пайдаланылған мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) сомалары, нысаналы жинақтар төлемінің сомасы (бар болса) сатып алу сомасынан асып кеткен жағдайда осы аталған соманы қайтаруды жүзеге асырады;

7) Қатысушы-сақтандыру ұйымын сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы хабардар етеді және Сақтанушы қайтыс болған кезде ол қайтыс болған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде, бірінші немесе екінші топтың мүгедектігі орын алған кезде сақтандыру оқиғасы басталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қағаз немесе электрондық форматта оның басталғанын растайтын құжаттар ұсынады.

55. Шарттың 28-тармағының 1) тармақшасында көзделген сақтандыру оқиғасы – "Сақтандырылушының Шартта белгіленген күнге дейін өмір сүруі" орын алған кезде Сақтанушы Қатысушы-сақтандыру ұйымына Шарттың 31-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

56. Шарттың 28-тармағының 2) тармақшасында көзделген сақтандыру оқиғасы – "Сақтандырылушыға сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтың мүгедектігін белгілеу" орын алған кезде Сақтанушы қатысушы-сақтандыру ұйымына мынадай құжаттар ұсынады:

1) сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай туралы хабарлама;

2) бірінші немесе екінші топтың мүгедектігін белгілеу туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі анықтамасының көшірмесі;

3) дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының көшірмесі ( медициналық-элеуметтік сараптамаға жіберу алдында берілген);

4) ауру тарихынан үзінді;

5) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қараған болса, Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтама, ал сотқа дейінгі тексерулердің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу кезінде – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

57. Шарттың 28-тармағының 3) тармақшасында көзделген сақтандыру оқиғасы – "Шарттың 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы" орын алған кезде Пайда алушы не оның заңды өкілі Қатысушы- сақтандыру ұйымына мынадай құжаттар ұсынады:

1) сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай туралы хабарлама;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 04.05.2026 № 226 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 119-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарлама;"

3) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі (қайтыс болу себебін көрсете отырып);

4) ауру тарихынан үзінді;

5) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қараған болса, Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтама, ал сотқа дейінгі тексерулердің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу кезінде - қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы;

6) осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен расталған химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен мән-жайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық-анатомиялық зерттеу (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса), қорытындысының көшірмесі.

Пайда алушы не оның заңды өкілі сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын құжаттар ұсынбаған кезде Қатысушы-сақтандыру ұйымы Пайда алушыдан немесе оның заңды өкілінен сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы хабарлама алған күннен бастап отыз бес жұмыс күнінен кешіктірмей Пайда алушының немесе оның заңды өкілінің атына жетіспейтін құжаттар туралы хабарлама жібереді.

## **10-тарау. Шартты өзгерту ережелері мен бұзу тәртібі**

58. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша осы Шартта, Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен енгізіледі және жазбаша нысанда ресімделуге тиіс.

59. Сақтанушы:

1) Пайда алушыны ауыстыру;

2) Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының дербес деректерінің өзгеруі;

3) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде - сақтандыру жарналарының) мөлшері мен төлеу мерзімдерінің өзгеруі;

4) Қағидалар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қатысушы-сақтандыру ұйымының келісімімен басқа да өзгерістер жағдайларында Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш жіберуге құқылы.

60. Сақтанушының Шартқа өзгерістер енгізу туралы өтініші оны қатысушы-сақтандыру ұйымы қабылдап, ол барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

61. Егер қатысушы-сақтандыру ұйымы Шарттың қандай да бір өзгеріспен келіспесе, ол Сақтанушының өтінішін және (немесе) қосымша құжаттар сұралса, оларды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде Сақтанушыға тиісті бас тарту жібереді. Бұл жағдайда, сондай-ақ егер қатысушы-сақтандыру ұйымына ол сұратқан құжаттардың әлдебірі берілмесе, Келісімге қол жеткізілмеген болып есептеліп, Шартты өзгерту жүзеге асырылмайды. Шарт бұрынғы ережелермен қолданыла береді.

62. Қатысушы-сақтандыру ұйымы Шарттың қолданылуының әрбір жылдығына нақты келіп түскен сақтандыру жарналарын (аванстық төлемдерді қоса алғанда), мемлекет сыйлықақыларын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), сақтандырудың осының алдындағы жылы үшін есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) басшылыққа ала отырып, Шартқа қосымшаға сәйкес сақтандыру сомасының, сатып алу сомаларының мөлшерін Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта есептеуге құқылы.

63. Қатысушы-сақтандыру ұйымы өзінің интернет-ресурсына және (немесе) Сақтанушының жеке кабинетіне өзгерістер туралы ақпарат орналастырып, Қағидалар талаптарын толықтыруға немесе өзгертуге құқығы бар.

Егер Сақтанушы Қағидаларға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен келіспесе, ол Қағидалар орналастырылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қатысушы сақтандыру ұйымына Шартты тоқтату туралы өтініш беруге құқылы.

64. Сақтанушы Қатысушы-сақтандыру ұйымын алдын ала жазбаша түрде хабардар етіп, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы.

Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 842-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте Шарт бойынша сатып алу сомасы оператордың көшірме-анықтамасы бойынша тиісінше бюджетке және операторға қайтарылатын есептелген мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса), уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтарылатын есептелген нысаналы жинақтар төлемі (бар болса) шегеріліп, Сақтанушыға төленеді.

65. Сақтанушы, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушы немесе оның заңды өкілі Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыны немесе оның заңды өкілін Шартты іс жүзінде бұзған күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын осы жайында Сақтанушыны жазбаша түрде хабардар етіп, Қатысушы-сақтандыру ұйымының Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Шарт бойынша сатып алу сомасы оператордың көшірме-анықтамасы бойынша тиісінше бюджетке және операторға қайтарылатын есептелген мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса), уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтарылатын есептелген нысаналы жинақтар төлемі (бар болса) шегеріліп, бірінші талап ету бойына Сақтанушыға төленеді.

66. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда он сегіз жасқа толмаған Пайда алушының заңды өкілінің бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзу қажет болса, Қатысушы-сақтандыру ұйымына кәметке толмаған Пайда алушының атынан мүдделерін білдіру жөніндегі құқығын куәландыратын қорғаншылық және қамқоршылық органы берген құжаттар ұсынылады.

#### **11-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

67. Шарттың 53-тармағының 4) тармақшасында көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасы мөлшерінің 0,1% көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді және Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Пайда алушыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде залалды өтейді.

68. Шартта айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі жасалмаған кезде Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыға, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда-Пайда алушыға әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін сақтандыру төлемі сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

69. Сақтанушы хабарламада белгіленген кезең ішінде сақтандыру жарнасын ( біріншісін қоспағанда) төлемеген кезде Қатысушы-сақтандыру ұйымының Шарт бойынша кірістілік мөлшерлемесі туындысының қатынасы ретінде есептелген тұрақсыздық айыбын, төленбеген сақтандыру жарнасын, 365-ке (үш жүз алпыс беске) шаққанда мерзімі өткен күндер санын төлеуді талап етуге құқылы не Шарт азайтылған сақтандыру сомасы шегінде өзінің қолданылуын жалғастыра береді.

70. Тараптар Шарт бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

71. Тұрақсыздық (өсімпұл, айыппұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

## **12-тарау. Құпиялылық**

72. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді.

## **13-тарау. Форс-мажор**

73. Шартқа қол қойылғаннан кейін орын алған және Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің төтенше жағдайлары, атап айтқанда, әскери іс-қимылдар, дүлей зілзалалар, ереуілдер, мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу заңнамалық шешімдері туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдаяттардың болу уақытына ұзартылады.

74. Шарттың 73-тармағында көрсетілген жағдаяттарға байланысты Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкінсіздігі туындаған Тарап осындай жағдаяттар орын алған күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл жайында басқа Тарапты хабардар етеді. Мұндай хабарламада қамтылған фактілерді уәкілетті ұйымдар құжаттамалық тұрғыда растауға тиіс.

75. Орын алған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау тиісті Тарапты шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін оны жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың әлдебіріне сілтеме жасау құқығынан айырады.

## **14-тарау. Дауларды қарау тәртібі**

76. Шартты жасасу және орындау процесінде туындайтын немесе онымен байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар келіссөздер жолымен бірлесіп қарауға міндеттенеді. Туындаған даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралады.

## **15-тарау. Қорытынды ережелер**

77. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, егер Тараптардың ешқайсысы оның қолданылуын тоқтату ниетін білдірмесе, онда Қатысушы- сақтандыру ұйымының қалауы бойынша Шарт мерзімі ұзартылған күнге инвестициялық кіріс есептеле отырып, Шарт сол мерзімге және сол талаптармен қолма-қол ұзартылады.

78. Пайда алушы Қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не Пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін

Шартқабастапқы білім беру капиталы есептелген жағдайда Шарт мерзімі ұзартылған күнге инвестициялық кіріс есептеле отырып, Шарт сол мерзімге және сол талаптармен қолма-қол ұзартылады.

Шарттың мерзімін қолма-қолұзарту талаптары аяқталған кезде Шарттың 77-тармағының ережелері қолданылады.

79. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Шартта, Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, жағдайларда және нысанда жүргізіледі.

80. Шартта көрсетілген ақпарат өзгерген кезде тиісті Тарап басқа Тарапты осындай өзгерістер жайында жеті жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

81. Тараптардың келісімі бойынша Шарт Сақтанушының жағдайын жақсартатын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін талаптармен толықтырылуы мүмкін.

82. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қағидаларды және қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

83. Шарт екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде заңды күші бірдей бір-бір данадан жасалды.

84. Шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

## 16-тарау. Сақтандыру агенті

### Сақтандыру агенті

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса /атауы)

### ЖСН/БСН

\_\_\_\_\_  
тұрғылықты жері/орналасқан жері  
(заңды тұлғалар үшін)

\_\_\_\_\_  
Телефон (ұялы)

\_\_\_\_\_  
Комиссиялық сыйақы

## 17-тарау. Тараптардың орналасқан жері мен деректемелері

<p>Қатысушы-сақтандыру ұйымы:</p> <p>_____ (қатысушы-сақтандыру ұйымының атауы)</p>	<p>Сақтанушы:</p> <p>_____</p>
---	--------------------------------

БСН _____ Орналасқан жері: _____	(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) Тұрғылықты жері: _____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	_____
_____	(қолы)
(қолы) Мөр орны	

Білім беру жинақтаушы  
сақтандырудың  
үлгілік шартына  
қосымша

### Сатып алынатын сомалар кестесі\*

Сақтандыру жылы	Сатып алу сомасының мөлшері, теңге
-----------------	------------------------------------

\*Сатып алу сомасының мөлшері осы қосымшада көрсетілген күнге дейін сақтандыру жарналары толық төленгенін ескере отырып, сақтандырудың әр жылының аяқталу күніндегі жағдай бойынша көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары  
білім министрінің  
2024 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 7 және  
Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2024 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

### Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласының операторы мен қатысушы-банк арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Астана қаласы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ негізінде

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)

әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "оператор" деп аталатын \_\_\_\_\_

(оператордың атауы)

бір тараптан, және \_\_\_\_\_ негізінде  
(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)  
әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы  
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
бұдан әрі "қатысушы-банк" деп аталатын \_\_\_\_\_

(қатысушы-банктің атауы)

екінші тараптан, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес төмендегілер жайында осы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

### **1-тарау. Келісімде пайдаланылатын ұғымдар**

1. Келісімде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) нысаналы жинақтарды төлемдері - нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы жинақтар шотынан төленетін нысаналы жинақтардың сомасы;

2) пайда алушының басым санаты - Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттің жоғары сыйлықақысы есептелетін азаматтар санаты;

3) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорындағы нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар) - Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры инвестициялық кірісінің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған және жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық кірістің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған елу пайызы есебінен нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында жинақталған ақша;

4) уәкілетті операторлар - тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтау төлемдерін есептеу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы.

Келісімде пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

### **2-тарау. Келісімнің мәні**

2. Қатысушы-банк салымшылардан немесе салушылардан білім беру жинақтау салымдарын (бұдан әрі – салым) қабылдайды, сыйақы есептейді және мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), нысаналы жинақ төлемдерін (бар болса) салымшылардың банктік шоттарына аударады, ал Мемлекеттік

білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) тіркелген салымдарға есепке жатқызылуға жататын мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса) сомасының есептеуді жүзеге асырып, оны қатысушы-банкке ұсынады.

### **3-тарау. Ынтымақтастық ережелері мен тәртібі**

3. Білім беру жинақтау салымы туралы шарт (бұдан әрі – салым шарты) тараптардың келісімі бойынша белгіленген мерзімге жасалады, ол аяқталғаннан кейін салым шартының күші тараптардың келісімі бойынша сол мерзімге немесе өзге мерзімге қолма-қол ұзартылады не ақша қалдығын аударып, салымшының таңдауы бойынша басқа қатысушы- банкпен немесе қатысушы-сақтандыру ұйымымен жасалады.

Салымдар теңгемен ашылады.

4. Қатысушы-банк бастапқы жарнаның мөлшерін дербес белгілейді.

5. Бір салымшының атынан немесе оның пайдасына бір ғана салым шарты жасалады.

6. Салым шартын қатысушы-банк операторға оны бірыңғай тізілімде тіркеу үшін жібереді.

Оператор салымшының салым шарты мен Заң талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты салым шартын бірыңғай тізілімде тіркеуден бас тартқан жағдайда, салым шарты бұзылады, банктік шот жабылады, салым шартын мерзімінен бұрын бұзғаны үшін сыйақы есептелмей және төленбей әрі комиссия ұсталмай, енгізілген бастапқы жарна сомасы салымшыға немесе салымшының заңды өкіліне бірінші талап бойынша төленуге жатады.

7. Оператор бірыңғай тізілімде тіркелген әрбір жасалған салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақысының мөлшері туралы мәліметтер ұсына отырып, мемлекет сыйлықақысын қатысушы-банкке жыл сайынғы негізде аударуды жүзеге асырады.

8. Мемлекет сыйлықақысы жинақтардың ең аз мерзімі бір жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдай бойынша салым сомасының нақты жинақталған қалдығына есептеледі. Мемлекет сыйлықақысы салым шартының қолданылу мерзіміне, бірақ мемлекет сыйлықақысы алғаш есептелген жылдан бастап жиырма жылдан аспайтын мерзімге есептеледі.

9. Мемлекет сыйлықақысы Заңның 13-бабында көзделген мөлшерде есептеледі. Мемлекет сыйлықақысының мөлшері өзгерген жағдайда оператор бұл жайында қатысушы-банкті жазбаша түрде хабардар етеді.

10. Салымшылардың басым санаттары үшін мемлекет сыйлықақысы салымшының басым санатқа жатқызылуы расталатын айлар үшін тиісті жылы есептеледі.

11. Мемлекет сыйлықақысын алғаннан кейін қатысушы-банк екі жұмыс күні ішінде мемлекет сыйлықақысын салымшылардың банктік шоттарына аударады. Салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақысы салымның негізгі сомасына қосылады ( капиталдандырылады).

Мемлекет сыйлықақысы уақтылы есепке алмаған жағдайда қатысушы-банк салымшыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасы мөлшерінің 0,1% шамасында тұрақсыздық айыбын төлейді және салымшыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде залалдарды өтейді.

12. Есептелген мемлекет сыйлықақысы мынадай:

1) Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының бастамасы бойынша салым шарты бұзылған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты салым шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

2) егер үш жыл ішінде салымшы оқудан шығарылған қатысушы-білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа қатысушы-білім беру ұйымына оқуға түспесе, салымшы қатысушы-білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап осы күнтізбелік үш жыл өткен;

3) салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын Заңда белгіленген мерзімнен аз жинақтау мерзімінде төлеу фактісі анықталған жағдайларда толық көлемінде бюджетке қайтарылуға жатады.

13. Салымшы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан жағдайда есептелген мемлекет сыйлықақысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 бірлескен бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бұйрығымен бекітілген "Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33245 болып тіркелген) Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне пайдаланылмаған сома бөлігінде бюджетке қайтарылуға жатады.

14. Мемлекетсыйлықақысының артық есептелуфактісі анықталған жағдайда артық есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы бюджетке қайтарылуға жатады.

15. Келісімнің 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 13 және 14-тармақтарында көрсетілген фактілер анықталған жағдайларда оператор олар жайында үш жұмыс күні ішінде қатысушы-банкті хабардар етеді.

16. Оператор бірыңғай тізілімде тіркелген салым шарты бойынша есепті жылы бес жасқа толған салымшыға бастапқы білім беру капиталын есепке жазуды жүзеге асырады.

Бір салымшыға бастапқы білім беру капиталын қайта есептеуге жол берілмейді.

17. Бастапқы білім беру капиталы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген мөлшерде есептеледі.

18. Бастапқы білім беру капиталын алғаннан кейін қатысушы-банк бес жұмыс күні ішінде бастапқы білім беру капиталын салымға салады. Бастапқы білім беру капиталы салымның негізгі сомасына қосылады.

Бастапқы білім беру капиталы уақтылы аударылмаған жағдайда қатысушы- банк салымшыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасы мөлшерінің 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді және салымшыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде шығындарды өтейді.

19. Салымшы немесе салымшының заңды өкілі бастапқы білім беру капиталы есептелген күннен бастап және салымшы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не салымшы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын күнтізбелік жыл бойы бастапқы білім беру капиталы аударылған күннен бастап Қағидаларда көзделген мөлшерде ең төменгі жарнаны енгізеді.

Бастапқы білім беру капиталының мөлшері өзгерген жағдайда оператор бұл жайында қатысушы-банкті жазбаша түрде хабардар етеді.

20. Есептелген бастапқы білім беру капиталы мынадай:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының немесе салымшының заңды өкілінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған мөлшерде және мерзімде жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеу фактісі анықталған;

2) салымшы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының бастамасы бойынша салым шарты бұзылған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты салым шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайларда қайтарылуға жатады.

Салымшы немесе салымшының заңды өкілі төтенше жағдайдың қолданылуы, төтенше ахуал жариялануы, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуі кезеңіне қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылған не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төмен жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, бастапқы білім беру капиталы қайтарылмайды.

21. Келісімнің 20-тармағында көзделген жағдайларда бастапқы білім беру капиталының салымға есептелген сомасының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтама бойынша бастапқы білім беру капиталын қатысушы-банк операторға қайтаруға тиіс.

22. Келісімнің 20-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген факт анықталған жағдайларда оператор бұл жайында бес жұмыс күні ішінде қатысушы-банкті хабардар етеді.

23. Салымшы салым қаражаты бүкіл оқу кезеңі үшін ақы төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттеріне кепілдік беру

қағидаларына және "Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру және осындай кепілдендіру мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 189 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32398 болып тіркелген) және "Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру және осындай кепілдендіру мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 320 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33581 болып тіркелген) бекітілген Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру және осындай кепілдендіру мөлшерін айқындау қағидаларына сәйкес білім беру кредиттерін алу үшін қатысушы-банкке жүгінуге құқылы.

Білім беру кредиті салымшыға жинақталған сома мөлшері оқу ақысын толық көлемінде төлеу үшін қажетті соманың кемінде елу пайызы болса, мемлекет уәкілеттік берген ұйымның жүз пайыздық кепілдігімен ұсынылады.

24. Салымшы салым қаражаты оқу ақысын төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда "Мемлекеттік білім беру кредитін беру және орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 141 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34221 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік білім беру кредитін беру және орналастыру қағидаларына (бұдан әрі – Кредиттеу қағидалары) сәйкес мемлекеттік білім беру кредитін алу үшін операторға жүгінуге құқылы.

#### **4-тарау. Білім беру жинақтау салымын аудару шарттары**

25. Салымшы немесе салымшының заңды өкілі салым қаражатын бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке не қатысушы-банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына жылына бір рет қана толық көлемінде аударуға құқылы.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес банк сыйақысын, есептелген мемлекет сыйлықақыларын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса), аударылған нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) ескере отырып, салым сомасын бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке не қатысушы-банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару салымшы тарапынан қатысушы-банк пен салымшы арасындағы салым шартының ережелерін бұзу болып табылмайды, бұл ретте мемлекет сыйлықақысын есептеу бастапқы салым шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

26. Салымшы немесе салымшының заңды өкілі қатысушы-банктің сыйақысын, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса)

ескере отырып, жиналған салым қаражатының сомасын бірыңғай тізілімде тіркелген Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына аударуға құқылы.

27. Салымшы немесе салымшының заңды өкілі аудару тарабы болып табылатын қатысушы-банкке немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына жүгінуге құқылы. Қатысушы-банк салым аударуды оператормен келісіп алғаннан кейін жүзеге асырады.

28. Салымды бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке немесе бір қатысушы-банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына аудару кезінде, оның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына аудару кезінде салым сомасын салымшыға немесе салымшының заңды өкіліне беруге жол берілмейді.

29. Мемлекет сыйлықақысының есептелуіне байланысты әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 28 ақпанына дейінгі кезеңде бір қатысушы-банктен басқа қатысушы-банкке немесе бір қатысушы-банктен қатысушы- сақтандыру ұйымына, оның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына салымға немесе сақтандыру шартына аудару кезінде аударымдар жасауға жол берілмейді.

30. Үшінші тұлғалардың салымдарынан немесе сақтандыру шарттарынан аудару кезінде салымшыға салымға түскен мемлекеттің сыйлықақысы Заңның 14-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қайтарылуға жатады.

31. Үшінші тұлғалардың салымдарынан немесе сақтандыру шарттарынан аудару кезінде салымшыға салымға түскен бастапқы білім беру капиталы Заңның 14-3-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қайтарылуға жатады.

32. Салымшы немесе салымшының заңды өкілі салымға бұдан бұрын есептелген нысаналы жинақтар төлемдерінің бүкіл сомасын немесе осы соманың бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына аударуға құқылы.

## **5-тарау. Мемлекеттік білім беруді кредиттеу шеңберіндегі ынтымақтастық ережелері мен тәртібі**

33. Оператор Кредиттеу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру кредиті берілген салымшының салымына мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын қолма-қол ақшасыз аударуды жүзеге асырады.

Қатысушы-банктің сұрау салуы бойынша оператор Кредиттеу қағидаларына сәйкес Келісімнің 34-тармағында көзделген мемлекеттік білім беру кредитін, сондай-ақ қатысушы-банктің мемлекеттік білім беру қаражатының нысаналы мақсаты сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет өзге де ақпарат берген салымшылардың өзекті тізімі берілуін қамтамасыз етеді.

34. Қатысушы-банк оператордан қатысушы-білім беру ұйымының деректемелері бар Келісімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымшының салымын тікелей дебеттеуге оның келісімін алған және оператор мемлекеттік білім беру кредитін берген салымшы салымына мемлекеттік білім беру кредитінің қаражаты және

қатысушы-банкке берілетін салымшының электрондық құжаттарындағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растайтын ақпарат пен құжаттар (OR кодымен PDF форматындағы файл) түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салымшы салымын тікелей дебеттеуге салымшыдан алынған келісім негізінде білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша салымшыға жоғары білім беру қызметтерін көрсететін қатысушы-білім беру ұйымының банктік шотына (оператор ұсынған деректемелер бойынша) мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын нысаналы мақсаты бойынша одан әрі акцептсіз қолма-қол ақшасыз аударуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын салымшыға қолма-қол ақшалай ұсынуға жол берілмейді.

### 35. Қатысушы-банк:

1) мемлекеттік білім беруді кредиттеу шеңберінде салымшының салымына оператордан түсетін қаражатты салымшының өз жинақтарынан және өзге үшінші тұлғалардың жарналарынан бөлек есеп алынуын, оның ішінде мемлекеттік білім беруді кредиттеу және салымшының өз жинақтары үшін төлем тағайындаудың әртүрлі кодтарын қолдану жолымен есепке алынуын;

2) салымшының салымына оператордан түскен мемлекеттік білім беру кредиті қаражатының нысаналы мақсатын сақтауды, оның ішінде білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша салымшыға жоғары білім беру қызметтерін көрсететін қатысушы-білім беру ұйымының банктік шотына (оператор ұсынған деректемелер бойынша) мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын нысаналы мақсаты бойынша акцептсіз қолма-қол ақшасыз аудару жолымен сақтауды;

3) оператордың сұрау салуы бойынша Келісімнің 34-тармағының орындалуы туралы ақпарат беру қамтамасыз етеді.

### 36. Оператор:

1) салымшының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланып оның салымын тікелей дебеттеуге салымшының келісімге қол қоюын;

2) салымшының салымын тікелей дебеттеуге оның келісімінің қатысушы-банкке берілуін;

3) қатысушы-банкке салымшының қатысушы-банкке ұсынылатын электрондық құжаттарындағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растайтын ақпарат пен құжаттар (QR коды бар PDF форматындағы файл) берілуін қамтамасыз етеді.

Оператор қатысушы-банктің алдында салымшының оның салымын тікелей дебеттеуге келісіміне тиісінше қол қойылуы және оның дұрыс болуы, оның ішінде білім беру ұйымының деректемелері үшін жауапты болады.

## **6-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### 37. Қатысушы-банк:

1) әрбір жасалған салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақыларының мөлшері туралы мәліметтер ұсына отырып, оператордан мемлекет сыйлықақысының уақтылы есепке алынуын талап етуге;

2) жасалған салым шарты бойынша бастапқы білім беру капиталының мөлшері туралы мәліметтер ұсына отырып, оператордан бастапқы білім беру капиталының(бар болса) уақтылы аударылуын талап етуге;

3) оператордан Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі(бұдан әрі-МБЖЖ) саласындағы ынтымақтастық туралы оператормен келісім жасасқан қатысушы-білім беру ұйымдарының жазбаша тізімін, сондай-ақ МБЖЖ шеңберінде өзге де ақпарат талап етуге;

4) салым шартын жасасу кезінде салым шартының ережелерін, қатысушы- банктің сыйақы мөлшерін, мемлекет сыйлықақысын төлеу және қайтару, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) есептеу және қайтару, нысаналы жинақтар төлемдерін (бар болса ) есепке жатқызу және қайтару тәртібін түсіндіруге құқылы.

### 38. Оператор:

1) қатысушы-банктен салым шартын жасасуға, оның қолданылуына, мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталын (бар болса) есептеуге, нысаналы жинақтарды (бар болса) есепке алуға және қайтаруға, қатысушы-білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) білім беру қызметтеріне ақы төлеуге, білім алушының мәртебесіне қатысты қажетті мәліметтер сұратуға;

2) қатысушы-банк Заңның 15-бабының 2-тармағы қоятын талаптарды орындамаған жағдайда Келісімді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ салымшылар ақшасын салымшының таңдауы бойынша басқа қатысушы-банкке не қатысушы-сақтандыру ұйымына аударуды талап етуге құқылы.

### 39. Қатысушы-банк:

1) Заңның 15-бабы 2-тармағының талаптарына өзінің сәйкестігін растайды.

Заңның 15-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары Ұлттық пошта операторына қолданылмайды;

2) шарттарды Заңда және салым шартында көрсетілген талаптарды ескере отырып жасасады;

3) оператордың салым шартын бірыңғай тізілімде тіркеуі мақсатында салым шарты жасалғаннан кейінгі жұмыс күнінің 17:00 сағатынан кешіктірмей операторға электрондық түрде не пошта арқылы мынадай деректер жібереді:

салымшының жеке сәйкестендіру нөмірі;

салым шартының нөмірі;

салым шартын жасасу күні;

салым шарты бойынша банктік шоттың нөмірі;

салым шарты бойынша бастапқы жарна сомасы;

өңір және банк бөлімшесі;

4) оператордың сұрау салуы бойынша салыстырып тексеру жүргізу мақсатында мына құжаттардың көшірмелерін қағазға шығарып немесе электрондық форматта ұсынады:

салым шарты;

салымшы оқуының растамасы;

салым қаражатын қатысушы-білім беру ұйымының банктік шотына немесе шетелдік білім беру ұйымының шотына аудару негіздері;

салымға бұдан бұрын есептелген нысаналы жинақтар төлемінің бүкіл сомасын немесе осы соманың бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына аудару негіздері;

мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), есептелген нысаналы жинақтартөлемін (бар болса) төлей отырып, салымдарды алу негіздері;

5) тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы күніне дейін операторға Келісімге 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша салымшылар (банк шоттарының жай-күйі, салымшылар ақшасының қозғалысы), мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) сомасын есептеу және қайтару, нысаналы жинақтарды (бар болса) есептеу және қайтару сомасын төлеу және нысаналы пайдалану туралы мәліметтер ұсынады;

6) салымдар бойынша сыйақыны уақтылы және толық көлемінде есептейді;

7) салым шартын жасасу кезінде салымшының Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ салымшы мен пайда алушы оператор арқылы бір тұлға болып табылатын салымшының атына ашылған қолданыстағы салым шартының немесе білім беру жинақтау сақтандыру шартының болмауын тексереді;

8) Келісімнің 12, 13 және 14-тармақтарында көрсетілген жағдайларда оператордан көшірме-анықтама алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекет сыйлықақысын операторға қайтаруды жүзеге асырады;

9) келісімнің 20-тармағында көрсетілген жағдайларда оператордан көшірме-анықтама алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бастапқы білім беру капиталын қайтаруды жүзеге асырады;

10) салымшының не салымшының заңды өкілінің бастамасы бойынша салым шарты мерзімінен бұрын бұзылған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты салым шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған кезде есептелген нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) уәкілетті операторда ашылған салымшының банктік шотына үш жұмыс күні ішінде аударады;

11) оператордан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасы алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды салымдарға аударады;

12) уәкілетті оператордан нысаналы жинақтар төлемінің сомасы алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды салымшылар салымдарына аударады;

13) оператордан бастапқы білім беру капиталының жалпы сомасы алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды салымдарға аударады;

14) салымшы қатысушы-білім беру ұйымына (шетелдік білім беру ұйымына) қабылданғаны туралы растайтын құжаттар ұсынған кезде бір жұмыс күні ішінде қаражатты салымнан тиісті қатысушы-білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) банктік шотына аударады;

15) операторды хабардар ете отырып, қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қаражат аудару бойынша барлық шығыс операцияларын жүргізеді;

16) салым бойынша операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссияны тікелей Мемлекет сыйлықақысынан, бастапқы білім беру капиталынан (бар болса), нысаналы жинақтарды төлеуден (бар болса) ұстамайды;

17) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін операторға мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін әрбір салымшы бойынша салым сомасының ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақты жинақталған қалдықтары туралы ақпарат береді;

18) тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін операторға Келісімге 5-қосымшаға сәйкес салымшыларға бастапқы білім беру капиталын есептеу үшін салым шарттары бойынша ақпарат береді.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтер/ақпарат мемлекеттік дерекқорларда болған кезде оператор мұндай мәліметтерді/ақпаратты дербес алуға құқылы.

#### 40. Оператор:

1) қатысушы-банктен Заң талаптарына сәйкес салым шартын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бірыңғай тізілімде тіркейді;

2) жасалған салымдар шарттарының есебін жүргізеді;

3) қатысушы-банктен салымшыны Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік білім беру ұйымына қабылдау туралы растайтын құжаттар алғаннан кейін салым шартын бірыңғай тізілімнен алып тастайды және ол бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеуді тоқтатады;

4) қатысушы-банктен салымды жабу туралы құжаттар алғаннан кейін салым шартын бірыңғай тізілімнен алып тастайды;

5) қатысушы-банктің сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде салымшыда салымшы мен пайда алушы бір тұлға болып табылатын тіркелген салым шартының немесе сақтандыру шартының болуы немесе болмауы туралы мәліметтер ұсынады;

6) салымға есептелуге жататын мемлекет сыйлықақыларының, бастапқы білім беру капиталының сомасын есептеуді жүзеге асырады және оны тиісінше қатысушы-банкке береді;

7) қатысушы-банктің мемлекет сыйлықақылары мен бастапқы білім беру капиталының сомаларын салымдарға есептеу мерзімдерін сақтауына мониторинг жасайды;

8) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органнан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әрбір жасалған салым туралы шарт бойынша мемлекет сыйлықақыларының мөлшері туралы мәліметтер ұсына отырып, мемлекет сыйлықақыларын қатысушы-банкке аударды;

9) ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 тамызына және есепті күнтізбелік жылдан кейінгі 28 ақпанда дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей әрбір жасалған салым шарты бойынша бастапқы білім беру капиталының мөлшері туралы мәліметтер ұсына отырып, бастапқы білім беру капиталын қатысушы-банктерге аударды;

10) жылына екі рет бұқаралық ақпарат құралдарында қатысушы-банктің МБЖЖ-ға қатысу үшін Заңда қойылатын талаптарды орындауы туралы мәліметтер жариялайды;

11) салымшыға, қатысушы-банкке Заңда және (немесе) Келісімде қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларды жауапқа тарту үшін шаралар қабылдайды;

12) бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысы, операторға, салымшыға және қатысушы-банкке қайтарылуға жататын бастапқы білім беру капиталы сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтама береді;

13) Заңда белгіленген жағдайларда қатысушы-банктің бюджетке мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының сомасын толық және уақтылы қайтарылуын қамтамасыз етеді;

14) салымшының Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу фактісі анықталған жағдайда қатысушы-банкті салымшымен салым шартын бұзу қажеттігі жайында хабардар етеді.

## **7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

41. Тараптар Келісім бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

42. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында келіссөздер жолымен шешіледі.

43. Реттелмеген даулар қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

## **8-тарау. Құпиялылық**

44. Тараптар, қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісім шеңберінде алынған кез келген ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді.

#### **9-тарау. Форс-мажор**

45. Келісімге қол қойылғаннан кейін орын алған және Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің төтенше жағдайлары, атап айтқанда, әскери іс-қимылдар, дүлей зілзалалар, ереуілдер, мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу заңнамалық шешімдері туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдаяттардың болу уақытына ұзартылады.

46. Келісімнің 45-тармағында көрсетілген жағдаяттарға байланысты Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкінсіздігі туындаған Тарап осындай жағдаяттар орын алған күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл жайында басқа Тарапты хабардар етеді. Мұндай хабарламада қамтылған фактілерді уәкілетті ұйымдар құжаттамалық тұрғыда растауға тиіс.

47. Орын алған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау тиісті Тарапты шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін оны жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың әлдебіріне сілтеме жасау құқығынан айырады.

#### **10-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі**

48. Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

49. Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Келісімде көзделген шарттарда бұзылуы мүмкін.

50. Келісімді мерзімінен бұрын бұзуға Тараптардың келісімі бойынша не Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Келісімде және Заңда көзделген шарттарды сақтай отырып жол беріледі.

51. Тараптар Келісімді бұзу рәсіміне біржақты соттан тыс тәртіппен бастамашылық жасау жайында басқа Тарапты кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде хабардар ете отырып, осылай бастамашылық жасауға құқылы.

#### **11-тарау. Қорытынды ережелер**

52. Тараптар хат-хабарлар жіберу бойынша шығыстарды дербес көтереді. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары сақталған жағдайда Тараптар құжат айналымын электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып жүзеге асыра алады.

53. Келісім жасасу кезінде Тараптардың өзара келісім бойынша оператор мен қатысушы-білім беру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі

саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің осы нысанына қайшы келмейтін нақтылау сипатындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

54. Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдер жасасу және оларға қол қою арқылы жүргізіледі.

55. Келісімде көрсетілген ақпарат өзгерген жағдайда тиісті Тарап ақпараттың өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер жайында басқа Тарапты хабардар етеді.

56. Келісіммен реттелмеген бөлігінде Тараптар қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

57. Келісім екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде заңды күші бірдей бір-бір данадан жасалды.

58. Келісімнің барлық қосымшалары оның ажырамас бөліктері болып табылады.

## 12-тарау. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

Оператор	Қатысушы-банк
_____	_____
(оператордың атауы)	(қатысушы-банктің атауы)
_____	_____
(бизнес-сәйкестендіру нөмері, мекенжайы)	(жеке сәйкестендіру нөмері, мекенжайы)
_____	_____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы	(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы
Мөр орыны	Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласының операторы мен қатысушы-банк арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімге 1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(қатысушы-банктің атауы)

## Салымшының оның салымын тікелей дебеттеуге келісімі

Бұдан әрі "салымшы" (оның (бұдан әрі "заңды өкіл" деп аталатын) заңды өкілі \_\_\_\_\_, жеке сәйкестендіру

(салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

нөмірі \_\_\_\_\_, 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні)  
"Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының  
32-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (оператордың атауы)

(бұдан әрі – оператор) берген деректемелер бойынша салымшының жоғары білім алуы үшін ақы төлеу есебіне жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – қатысушы-білім беру ұйымы) банктік шотына салымнан мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын аудару мақсаттары үшін \_\_\_\_\_ ашылған (бұдан әрі –

(қатысушы-банктің атауы)

қатысушы-банк) өзінің салымын (бұдан әрі – салым) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тікелей дебеттеуге өзінің сөзсіз келісімін береді.

(салымның деректемелері көрсетілсін)

Осымен салымшы тапсырады, ал қатысушы-банк өзіне оператор ұсынған деректемелер бойынша салымшының жоғары білім алуы үшін ақы төлеу есебіне қатысушы-білім беру ұйымының банктік шотына салымнан мемлекеттік білім беру кредитінің қаражатын аудару үшін қатысушы-банкте ашылған салымшының салымын тікелей дебеттеуді жүзеге асыруға міндеттеме алады.

Осы Келісімнің мәтінін мен оқыдым (менің заңды өкілім оқыды – бар болса), толықтыруларымыз, ескертулеріміз және қарсылықтарымыз жоқ.

\_\_\_\_\_ (салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

\_\_\_\_\_ (салымшының заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса),  
ЖСН, оның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және күні)

Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласының  
операторы мен қатысушы-  
банк арасындағы  
Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
үлгілік келісімге  
2-қосымша

Нысан

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша білім беру жинақтау салымдары туралы  
қатысушы-банктің \_\_\_\_\_ мәліметтері (қатысушы-банктің атауы)

	Салымшының тегі,					Салым бойынша	Нысаналы жинақтар төлемінің	
--	------------------	--	--	--	--	---------------	-----------------------------	--

№	аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Салымшының жеке сәйкестендіру нөмірі	Салым шартының №	Салымды ашу күні	Салымды орналастыру мерзімі, ай	мөлшерлемесі, %	(бар болса) , аударылған сомасы, теңге	Салымның жалпы сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								

(лауазымы)  
Мөр орыны

(қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласының операторы мен қатысушы-банк арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімге 3-қосымша

Нысан

**20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша қатысушы-білім беру ұйымына (шетелдік білім беру ұйымдары) білім беру жинақтау салымдарын аудару туралы қатысушы-банктің мәліметтері (қатысушы-банктің атауы)**

№	Салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Салымшының жеке сәйкестендіру нөмірі	Қатысушы білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) атауы	Салымдар аударылған қатысушы білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) шотының №	Салымшының (оқу курсы	Оқытудың толық құны, теңге	Аударылған салым сомасы, теңге		Аудару күні
							барлығы	оның ішінде нысанның алыжинақтары (бар болса)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									

(лауазымы)  
Мөр орыны

(қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласының  
операторы мен қатысушы-  
банк арасындағы  
Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
үлгілік келісімге  
4-қосымша

Нысан

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша беру жинақтау салымдарының шарттарын  
бұзу туралы қатысушы-банктің \_\_\_\_\_ мәліметтері (  
қатысушы-банктің атауы)

№	Салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Салымшының жеке сәйкестендіру нөмірі	Салым шартын жасау № және күні	Салым шартын бұзу күні	Салым шартын бұзу негіздері	Қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақы-сының сомасы, теңге	Қайтарылуға жататын бастапқы капитал сомасы (бар болса), теңге	Уәкілетті операторда ашылған пайдалушының банктік шотына аударылуға жататын нысаналы жинақтар төлемінің сомасы (бар болса), теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								

— (лауазымы) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласының  
операторы мен қатысушы-  
банк арасындағы  
Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
үлгілік келісімге  
5-қосымша

Нысан

Алдағы \_\_\_\_\_ қаржы жылында бес жыл болатын салымшыларға бастапқы білім беру капиталын есептеу үшін білім беру жинақтау салымдары туралы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мәліметтері (қатысушы-банктің атауы )

№	Салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Салымшының туған күні (күні/айы/жылы)	Салымшының жеке сәйкестендіру нөмірі	Білім беру жинақтау салымы шартының нөмірі мен күні	Білім беру жинақтау салымы шартының мерзімі (күні/айы/жылы)
1	2	3	4	5	6
1					

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Мөр орыны

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2024 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 және  
Қазақстан Республикасы Ғылым  
және жоғары білім министрінің  
2024 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 7 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

**Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласының операторы мен қатысушы-сақтандыру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Астана қаласы 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын

\_\_\_\_\_ негізінде

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)

әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "оператор" деп аталатын \_\_\_\_\_

(оператордың атауы)

бір тараптан, және \_\_\_\_\_ негізінде

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)

әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы  
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
бұдан әрі "қатысушы-сақтандыру ұйымы" деп аталатын \_\_\_\_\_

(сақтандыру ұйымының атауы)

екінші тараптан, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес төмендегілер жайында осы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

### **1-тарау. Келісімде пайдаланылатын ұғымдар**

1. Келісімде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) нысаналы жинақтарды төлемдері – нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы жинақтар шотынан төленетін нысаналы жинақтардың сомасы;

2) пайда алушының басым санаты – Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттің жоғары сыйлықақысы есептелетін азаматтар санаты;

3) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорындағы нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар) – Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры инвестициялық кірісінің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған және жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық кірістің есепті жылдың алдындағы он сегіз жылға орташаланған елу пайызы есебінен нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында жинақталған ақша;

4) уәкілетті операторлар – тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтау төлемдерін есептеу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы.

Келісімде пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

### **2-тарау. Келісімнің мәні**

2. Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтанушылардан сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде сақтандыру жарналарын) қабылдайды, инвестициялық кірісті есептейді және мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), нысаналы жинақтар төлемдерін (бар болса) білім беру жинақтау сақтандыру шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты) бойынша есепті сомаға аударады, ал Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі –

оператор) білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімінде тіркелген сақтандыру шарттарына есепке жатқызылуға жататын мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) сомасының есептеуді жүзеге асырып, оны қатысушы-сақтандыру ұйымына ұсынады.

### **3-тарау. Ынтымақтастық шарттары мен тәртібі**

3. Сақтандыру шарты кемінде үш жыл мерзімге жасалады.

Сақтандыру шартының валютасы теңге болып табылады.

4. Бір пайда алушының атынан немесе оның пайдасына бір ғана сақтандыру шарты жасалады.

5. Сақтандыру шартын қатысушы-сақтандыру ұйымы оны білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) тіркеу үшін операторға жібереді.

Оператор пайда алушының сақтандыру шарты мен Заң талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты сақтандыру шартын бірыңғай тізілімде тіркеуден бас тартқан жағдайда сақтандыру шарты бұзылады, бастапқы сақтандыру жарнасының немесе сақтандыру сыйлықақысының енгізілген сомасы инвестициялық кіріс есептелмей және төленбей әрі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзғаны үшін комиссиялар ұсталмай сақтандыру шартында белгіленген мерзімде қайтарылуға жатады.

6. Оператор бірыңғай тізілімде тіркелген әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақыларының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтамасын ұсына отырып, жыл сайынғы негізде қатысушы-сақтандыру ұйымына мемлекет сыйлықақыларын есепке алуды жүзеге асырады.

7. Мемлекеттің сыйлықақысы жинақтаудың ең аз мерзімі бір жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға есептеледі. Мемлекет сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне, бірақ мемлекет сыйлықақысы алғаш есептелген жылдан бастап жиырма жылдан аспайтын мерзімге аударылады.

8. Мемлекет сыйлықақысы Заңның 13-бабында көзделген мөлшерде есептеледі. Мемлекет сыйлықақысының мөлшері өзгерген жағдайда оператор бұл жайында қатысушы-сақтандыру ұйымдарын жазбаша түрде хабардар етеді.

9. Пайда алушылардың басым санаттары үшін мемлекет сыйлықақысы пайда алушының басым санатқа жатқызылуы расталатын айлар үшін тиісті жылы есептеледі.

10. Мемлекет сыйлықақысын алғаннан кейін қатысушы-сақтандыру ұйымы бес жұмыс күні ішінде мемлекет сыйлықақысын сақтандыру шарттары бойынша есеп айырысу шотына аударады. Мемлекет сыйлықақысы сақтандыру шарты бойынша есеп айырысу сомасына қосылады.

Мемлекет сыйлықақысы уақтылы есепке алынбаған жағдайда қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушыға

мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді және сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда-пайда алушыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде шығындарды өтейді.

11. Есептелген мемлекет сыйлықақысы мынадай:

1) инвестициялық кірісті және есептелген мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сатып алу сомасын басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына немесе қатысушы-банкке аударуға байланысты шартты бұзу жағдайын қоспағанда, сақтанушының бастамасы бойынша сақтандыру шарты бұзылған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

2) егер үш жыл ішінде пайда алушы оқудан шығарылған қатысушы-білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа қатысушы-білім беру ұйымына оқуға түспесе, пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап осы күнтізбелік үш жыл өткен жағдайларда толық көлемінде бюджетке қайтарылуға жатады.

12. Пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан жағдайда есептелген мемлекет сыйлықақысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 бірлескен бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бұйрығымен бекітілген "Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33245 болып тіркелген) Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне пайдаланылмаған сома бөлігінде бюджетке қайтарылуға жатады

13. Мемлекет сыйлықақысының артық есептелу фактісі анықталған жағдайда артық есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы бюджетке қайтарылуға жатады.

14. Келісімнің 11-тармағының 2) тармақшасында, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген фактілер анықталған жағдайларда оператор бұл жайында қатысушы-сақтандыру ұйымын үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

15. Оператор бірыңғай тізілімде тіркелген сақтандыру шарты бойынша есепті жылы бес жасқа толған пайда алушыға бастапқы білім беру капиталын есепке жазуды жүзеге асырады.

Бір пайда алушыға бастапқы білім беру капиталын екінші қайтара есептеуге жол берілмейді.

16. Бастапқы білім беру капиталы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген мөлшерде есептеледі.

17. Бастапқы білім беру капиталын алғаннан кейін қатысушы-сақтандыру ұйымы бес жұмыс күні ішінде бастапқы білім беру капиталын сақтандыру шарттарына

аударады. Бастапқы білім беру капиталы сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасына қосылады.

Бастапқы білім беру капиталы уақтылы аударылмаған жағдайда қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда-пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді және сақтанушыға, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушыға тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде шығындарды өтейді.

18. Сақтанушы бастапқы білім беру капиталы сақтандыру шартына есептелген күннен бастап және пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын күнтізбелік жыл бойы бастапқы білім беру капиталы аударылған күннен бастап Қағидаларда көзделген мөлшерде және сақтандыру шартында көзделген талаптармен ең төменгі жарнаны енгізеді.

Бастапқы білім беру капиталының мөлшері өзгерген жағдайда оператор бұл жайында қатысушы-сақтандыру ұйымын жазбаша түрде хабардар етеді.

19. Есептелген бастапқы білім беру капиталы мынадай:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған мөлшерде және мерзімдерде жыл сайынғы ең төмен жарнаны енгізбеу фактісі анықталған;

2) пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

3) Заңның 11-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушының бастамасы бойынша, сақтанушы – қайтыс болған жағдайда – пайда алушы сақтандыру шартын бұзған немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайларда қайтарылуға тиіс

Сақтанушы төтенше жағдайдың қолданылуы, төтенше жағдайдың жариялануы, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуі кезеңінде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылған не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төмен жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, бастапқы білім беру капиталы қайтарылмайды.

20. Келісімнің 19-тармағында көзделген жағдайларда қатысушы- сақтандыру ұйымы операторға бастапқы білім беру капиталын оператордың бастапқы білім беру капиталының есептелген сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтамасы бойынша сақтандыру шартына қайтаруға тиіс.

21. Келісімнің 19-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген факті анықталған жағдайларда оператор бұл жайында бес жұмыс күні ішінде қатысушы-сақтандыру ұйымын хабардар етеді.

22. Пайда алушы сақтандыру төлемінің қаражаты бүкіл оқу кезеңі үшін ақы төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттеріне кепілдік беру қағидаларына және "Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру және осындай кепілдендіру мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 189 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32398 болып тіркелген) және "Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру және осындай кепілдендіру мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 320 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33581 болып тіркелген) бекітілген Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру қағидаларына сәйкес білім беру кредиттерін алу үшін қатысушы-банкке жүгінуге құқылы.

Білім беру кредиті пайда алушыға оқу ақысын толық көлемінде төлеу үшін қажет соманың кемінде елу пайызы жинақталған сома мөлшерінде мемлекет уәкілеттік берген ұйымның жүз пайыз кепілдігімен ұсынылады

#### **4-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы мен сақтандыру төлемі аудару ережелері**

23. Сақтанушы сатып алу сомасын бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аударуды, бірақ сақтандыру шарты жасалған күннен бастап екі жылдан аспай тұрып аударуды жүзеге асыруға құқылы.

Заңның 11-1-бабының 16-тармағына сәйкес инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса), аударылған нысаналы жинақтар төлемін (бар болса) ескере отырып, сатып алу сомасын бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аудару сақтанушы тарапынан қатысушы-сақтандыру ұйымы мен сақтанушы арасындағы сақтандыру шартының ережелерін бұзу болып табылмайды, бұл ретте мемлекет сыйлықақысын есептеу бастапқы сақтандыру шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

24. Сатып алу сомасын аударуды жүзеге асыру үшін сақтанушы қатысушы-сақтандыру ұйымына немесе аударым тарабы болып табылатын қатысушы-банкке жүгінеді. Қатысушы-сақтандыру ұйымы оператормен келісілгеннен кейін сатып алу сомасын аударуды жүзеге асырады.

25. Бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аударым жасау кезінде сақтанушыға сатып алу сомасын ұсынуға жол берілмейді.

26. Сақтанушы инвестициялық кірісті, мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса) ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын төлеуге немесе білім беру жинақтау салымына (бұдан әрі – салым) аударуды жүзеге асыруға құқылы.

27. Бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке аударым жасау кезінде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін сақтанушығасақтандыру шартын төлеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға салуға жол берілмейді.

28. Мемлекет сыйлықақысының аударылуына байланысты сатып алу сомасын немесе сақтандыру төлемін бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы-банкке әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 28 ақпанына дейінгі кезеңде аударуға жол берілмейді.

29. Үшінші тұлғалардың сақтандыру шарттарынан немесе салымдарынан аудару кезінде сақтандыру шартына түскен мемлекеттің сыйлықақысы Заңның 14-1-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда қайтарылуға жатады.

30. Үшінші тұлғалардың сақтандыру шарттарынан немесе салымдарынан аудару кезінде сақтандыру шартына түскен бастапқы білім беру капиталы Заңның 14-3-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қайтарылуға жатады.

31. Сақтанушы немесе пайда алушы бұдан бұрын сақтандыру шартына есептелген нысаналы жинақтар төлемінің бүкіл сомасын немесе осы соманың бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған пайда алушының банктік шотына аударуға құқылы.

## **5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

32. Қатысушы-сақтандыру ұйымы:

1) әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақыларының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтамасын ұсына отырып, оператордан мемлекет сыйлықақысының уақтылы аударылуын талап етуге;

2) жасалған сақтандыру шарты бойынша бастапқы білім беру капиталының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтамасын ұсына отырып, оператордан бастапқы білім беру капиталының (бар болса) уақтылы аударылуын талап етуге;

3) оператордан Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (бұдан әрі-МБЖЖ) саласындағы ынтымақтастық туралы оператормен келісім жасасқан қатысушы-білім беру ұйымдарының жазбаша тізімін, сондай-ақ МБЖЖ шеңберінде өзге де ақпарат талап етуге;

4) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру шартының талаптарын, инвестициялық кірістің мөлшерін, мемлекеттік сыйлықақы төлеу және қайтару,

бастапқы білім беру капиталын(бар болса), есептеу және қайтару, нысаналы жинақтау төлемдерін (бар болса) есепке жатқызу және қайтару тәртібін түсіндіруге құқылы.

### 33. Оператор:

1) қатысушы-сақтандыру ұйымынан сақтандыру шартын жасасуға, оның қолданылуына, мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса) есептеуге, нысаналы жинақтарды (бар болса) есепке алуға және қайтаруға, қатысушы-білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) білім беру қызметтеріне ақы төлеуге, білім алушы мәртебесіне қатысты қажетті мәліметтер сұратуға;

2) қатысушы-сақтандыру ұйымы Заңның 18-1-бабының 2-тармағында қойылатын талаптарды орындамаған жағдайда біржақты тәртіппен Келісімді орындаудан бас тартуға, сондай-ақ сақтанушылардың сатып алу сомасын сақтанушының таңдауы бойынша басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-банкке аударуды талап етуге құқылы.

### 34. Қатысушы-сақтандыру ұйымы:

1) Заңның 18-1-бабы 2-тармағының талаптарына өзінің сәйкестігін растайды;

2) Заңда және сақтандыру шартында көрсетілген талаптарды ескере отырып, сақтандыру шарттарын жасасады;

3) оператор сақтандыру шартын бірыңғай тізілімде тіркеу мақсатында сақтандыру шарты жасалғаннан кейінгі жұмыс күні сағат 17:00-ден кешіктірмей операторға электрондық түрде не пошта арқылы мынадай деректер жібереді:

сақтанушы мен пайда алушының жеке сәйкестендіру нөмірі;

сақтандыру шартының нөмірі;

сақтандыру шартын жасасу күні;

сақтандыру шарты бойынша бастапқы сақтандыру жарнасының немесе сақтандыру сыйлықақысының сомасы;

4) оператордың сұрау салуы бойынша салыстырып тексеру мақсатында мынадай құжаттардың көшірмелерін қағазға шығарып немесе электрондық форматта ұсынады:

сақтандыру шарты;

пайда алушының оқуын растау;

сақтандыру төлемін қатысушы-білім беру ұйымының банктік шотына немесе шетелдік білім беру ұйымының шотына аударуға негіздеме;

бұдан бұрын сақтандыру шартына аударылған нысаналы жинақтар төлемдерінің бүкіл сомасын немесе осы соманың бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған пайда алушының банктік шотына аударуға негіздеме;

есептелген мемлекет сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), аударылған нысаналы жинақтар төлемдерін (бар болса) ескере отырып, сақтандыру төлемін алуға негіздеме;

5) тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы күніне дейін операторға Келісімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша салымшылар, пайда алушылар, мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) сомасын есептеу және қайтару, нысаналы жинақтар төлемдерінің (бар болса) сомасын есептеу және қайтару, нысаналы пайдалану (бар болса) туралы мәліметтер ұсынады;

6) сақтандыру шарттары бойынша инвестициялық кірісті уақтылы және толық көлемінде есептейді;

7) сақтандыру шартын жасасу кезінде пайда алушының Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ пайда алушының атына ашылған қолданыстағы сақтандыру шартының немесе пайда алушы мен салымшы оператор арқылы бір тұлға болып табылатын білім беру жинақтау салымы туралы шарттың(бұдан әрі-салым шарты) болмауын тексереді;

8) Келісімнің 11, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген жағдайларда оператордан көшірме-анықтама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекет сыйлықақысын операторға қайтаруды жүзеге асырады;

9) Келісімнің 19-тармағында көрсетілген жағдайларда бастапқы білім беру капиталын оператордан көшірме-анықтама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруды жүзеге асырады;

10) сақтанушының немесе пайда алушының бастамасы бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған немесе нысаналы мақсаты сақталмай мерзімнің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған кезде есептелген нысаналы жинақтар төлемін уәкілетті операторда ашылған пайда алушының банктік шотына бес жұмыс күні ішінде аударады;

11) оператордан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды сақтандыру шарттарына аударады;

12) уәкілетті оператордан нысаналы жинақтарды төлеу сомасын (бар болса) алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды сақтандыру шартына аударады;

13) оператордан бастапқы білім беру капиталының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды сақтандыру шарттарына аударады;

14) сақтанушы немесе пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғаны туралы растайтын құжаттарды ұсынған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін қатысушы-тиісті білім беру ұйымының банктік шотына, ал шетелдік білім беру қабылданған жағдайда – пайда алушының атына ашылған банктік шотқа "эскроу шоты" режимінде аударады.

15) операторды хабардар ете отырып, қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына пайда алушының атына "эскроу-шот" режимінде банктік шотқа қаражат аудару бойынша барлық шығыс операцияларын жүргізеді;

16) тікелей мемлекет сыйлықақысынан, бастапқы білім беру капиталынан (бар болса), нысаналы жинақтар төлемінен (бар болса) сақтандыру төлемі бойынша операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссияны ұстамайды;

17) мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін операторға әрбір пайда алушы бойынша ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдаймен сақтандыру шартындағы есептік соманың нақты жинақталған мөлшері туралы ақпарат ұсынады.

18) тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін Келісімге 4-қосымшаға сәйкес пайда алушыларға бастапқы білім беру капиталын есептеу үшін операторға сақтандыру шарттары бойынша ақпарат береді.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтер/ақпарат мемлекеттік дерекқорларда болған жағдайда оператор мұндай мәліметтерді/ақпаратты дербес алуға құқылы.

### 35. Оператор:

1) Заң талаптарына сәйкес келетін қатысушы-сақтандыру ұйымынан сақтандыру шартынан алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бірыңғай тізілімде тіркейді;

2) жасалған сақтандыру шарттарының есебін жүргізеді;

3) қатысушы-сақтандыру ұйымынан пайда алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік білім беру ұйымына қабылдануы және шетелдік білім беру ұйымының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жасауы туралы растайтын құжаттар алғаннан кейін сақтандыру шартын бірыңғай тізілімнен алып тастайды және ол бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеуді тоқтатады;

4) қатысушы-сақтандыру ұйымынан сақтандыру шартын бұзу туралы құжаттар алғаннан кейін сақтандыру шартын бірыңғай тізілімнен алып тастайды;

5) бір жұмыс күні ішінде қатысушы-сақтандыру ұйымының сұрау салуы бойынша пайда алушыда тіркелген сақтандыру шартының не пайда алушы мен салымшы бір тұлға болып табылатын салым шартының болуы немесе болмауы туралы мәліметтер ұсынады;

6) сақтандыру шартына есепке алынуға жататын мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының сомасын есептеуді жүзеге асырады және оны тиісінше қатысушы-сақтандыру ұйымына ұсынады;

7) қатысушы-сақтандыру ұйымының мемлекет сыйлықақылары мен бастапқы білім беру капиталы сомаларын сақтандыру шарттарына есепке алу мерзімдерін сақтауына мониторинг жасайды;

8) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органнан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақыларының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтамасын ұсына отырып, қатысушы-сақтандыру ұйымына мемлекет сыйлықақыларын аударады;

9) ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 тамызына және есепті күнтізбелік жылдан кейінгі 28 ақпанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша бастапқы білім беру капиталының мөлшері туралы оператордың көшірме-анықтамасын ұсына отырып, бастапқы білім беру капиталын қатысушы-сақтандыру ұйымына аударады;

10) МБЖЖ-ға қатысу үшін жылына екі рет бұқаралық ақпарат құралдарында қатысушы-сақтандыру ұйымының Заң қоятын талаптарды орындауы туралы мәліметтер жариялайды;

11) сақтанушыға, қатысушы-сақтандыру ұйымына Заңда және (немесе) Келісімде қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапқа тарту үшін шаралар қабылдайды;

12) сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға, қатысушы-сақтандыру ұйымына бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысының, операторға қайтарылуға жататын бастапқы білім беру капиталы сомасының мөлшері туралы көшірме-анықтама береді;

13) Заңда белгіленген жағдайларда қатысушы-сақтандыру ұйымының мемлекет сыйлықақыларының сомасы бюджетке, бастапқы білім беру капиталы толық және уақтылы қайтарылуын қамтамасыз етеді;

14) пайда алушының Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылу фактісі анықталған жағдайда қатысушы-сақтандыру ұйымын сақтанушымен сақтандыру шартын бұзу қажеттігі жайында хабардар етеді.

## **6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

36. Тараптар Келісім бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

37. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында келіссөздер жолымен шешіледі.

38. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

## **7-тарау. Құпиялылық**

39. Тараптар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісім шеңберінде алынған кез келген ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді.

## **8 тарау. Форс-мажор**

40. Еңсерілмейтін күштің, атап айтқанда, әскери іс-қимылдардың, дүлей зілзалалардың, ереуілдердің, келісімге қол қойылғаннан кейін туындаған және келісім бойынша қандай да бір міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу заңнамалық шешімдерінің төтенше жағдайлары туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың қолданылу уақытына ұзартылады.

41. Келісімнің 40-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкін создстігі туындаған Тарап мұндай мән-жайлар басталған күннен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапқа хабарлайды. Мұндай хабарламада қамтылған фактілерді уәкілетті ұйымдар құжатпен растауға тиіс.

42. Орын алған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау тиісті Тарапты шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың қандай да біреуіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

## **9-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі**

43. Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

44. Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Келісімде көзделген шарттарда бұзылуы мүмкін.

45. Келісімді мерзімінен бұрын бұзуға тараптардың келісімі бойынша не Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Келісімде және Заңда көзделген шарттарды сақтай отырып жол беріледі.

46. Тараптар бұл туралы екінші Тарапты кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Келісімді бұзу рәсіміне біржақты соттан тыс тәртіппен бастамашылық жасауға құқылы.

## **10-тарау. Қорытынды ережелер**

47. Тараптар хат-хабарларды жіберу бойынша шығыстарды дербес көтереді. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары сақталған жағдайда Тараптар электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, құжат айналымын жүзеге асыра алады.

48. Келісім жасасу кезінде Тараптар оператор мен қатысушы сақтандыру ұйымы арасындағы мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің осы нысанына қайшы келмейтін нақтылау сипатындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өзара келісім бойынша құқылы.

49. Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша жазбаша келісімдер жасау және оларға қол қою арқылы жүргізіледі.



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									

(лауазымы) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
 Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру  
 жинақтау жүйесі саласының  
 операторы мен қатысушы-  
 сақтандыру ұйымы арасындағы  
 Мемлекеттік білім беру  
 жинақтау жүйесі саласындағы  
 ынтымақтастық туралы  
 үлгілік келісімге  
 2-қосымша

Нысан

**20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша қатысушы-білім беру ұйымына (шетелдік білім беру ұйымдары) білім беру жинақтау сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін аудару туралы қатысушы-сақтандыру ұйымының \_\_\_\_\_ мәліметтері (қатысушы-сақтандыру ұйымының атауы)**

№	Сақтану -шының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Пайдалушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Пайдалушының жеке сәйкестендіру нөмірі	Қатысушы білім беру ұйымының (шетелдік білім беру ұйымының) атауы	Сақтандыру төлемдері аударыл атын білім беру ұйымы шотының №	Пайдалушының оқу курсы	Оқыту-дың толық құны, теңге	Аударылған сақтандыру төлемдерінің сомасы, теңге		Аудару күні
								барлығы	оның ішінде нысаналы жинақтар төлемдері (бар болса)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										

(лауазымы) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
 Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру  
 жинақтау жүйесі саласының  
 операторы мен қатысушы-  
 сақтандыру ұйымы арасындағы  
 Мемлекеттік білім беру  
 жинақтау жүйесі саласындағы  
 ынтымақтастық туралы  
 үлгілік келісімге  
 3-қосымша

Нысан

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша беру жинақтау сақтандыру шарттарын бұзу туралы қатысушы-сақтандыру ұйымының \_\_\_\_\_ мәліметтері ( қатысушы-сақтандыру ұйымының атауы)

№	Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Пайдалушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Пайдалушының жеке сәйкестендіру нөмірі	Сақтандыру шартын жасасу № және күні	Сақтандыру шартын бұзу күні	Сақтандыру шартын бұзу негіздеме сі	Қайтаруға жатын мемлекеттік ақысының сомасы, теңге	Қайтаруға жатын бастапқы капитал сомасы (бар болса), теңге	Уәкілетті оператор даашылған пайдаланушының банктік шотына аударылуға жататын нысаналы жинақтар өлемінң сомасы (бар болса), теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									

(лауазымы)

(қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласының операторы мен қатысушы-сақтандыру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімге 4-қосымша

Нысан

Алдағы \_\_\_\_\_ қаржы жылында бес жыл болатын пайда алушыларға бастапқы білім беру капиталын есептеу үшін білім беру жинақтау сақтандыру шарттары бойынша \_\_\_\_\_ мәліметтері (қатысушы-сақтандыру ұйымының атауы)

№	Пайдалушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Пайдалушының туған күні (күні / айы / жылы)	Пайдалушының жеке сәйкестендіру нөмірі	Білім беру жинақтау сақтандыру шартының нөмірі мен күні	Білім беру жинақтау сақтандыру шартының мерзімі (күні / айы / жылы)

1	2	3	4	5	6
1					

(лауазымы) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
Мөр орыны

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары  
білім министрінің  
2024 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 7 және  
Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2024 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

**Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы-білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісім**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.03.2025 № 145 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Астана қаласы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)  
әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "оператор" деп аталатын \_\_\_\_\_

(оператордың атауы)

бір тараптан, және \_\_\_\_\_ негізінде

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері)

әрекет етуші \_\_\_\_\_ арқылы

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "қатысушы-білім беру ұйымы" деп аталатын \_\_\_\_\_

(қатысушы-білім беру ұйымының атауы)

екінші тараптан, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес төмендегілер жайында осы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

## **1-тарау. Келісімде пайдаланылатын ұғымдар**

1. Келісімде келесі ұғымдар қолданылады:

1) білім беру жинақтаушы сақтандыру шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты) – өмірді жинақтаушы сақтандыру шарты, оған сәйкес бір Тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші Тарап (қатысушы-сақтандыру ұйымы) сақтандыру оқиғасының туындауы нәтижесінде есептелген, оның ішінде аударылған инвестициялық кірісті басшылыққа ала отырып, есептелген сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді;

2) білім беру жинақтау салымы – салымшының немесе салымшылардың жарналарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім алу ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтар төлемдері есебінен төленген жарналарды, бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын, қатысушы-банктің капиталдандырылған сыйақыларын қамтитын қатысушы-банктегі салымшы шотындағы ақша;

3) білім беру жинақтау салымы туралы шарт (бұдан әрі – салым шарты) – салымшы қатысушы-банкпен жасасқан білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаражат жинақтауға арналған банктік салым шарты;

4) білім беру қызметтері–білім алушыға жеке тұлғаның білім алу қажеттіліктерін іске асыруға және білім беру бағдарламаларын игеруге бағытталған қызметтер көрсету жөніндегі қызмет;

5) пайда алушы–сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

6) сақтанушы–пайда алушының ата-анасы немесе өзге жақын туысы, заңды өкілі болып табылатын және қатысушы-сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға (осы Заңға сәйкес сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылады);

7) салымшы–салым шартының тарабы болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы.

Келісімде пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тарау. Келісімнің мәні**

2. Қатысушы-білім беру ұйымы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін және пайдасына Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (бұдан әрі – МБЖЖ) шеңберінде салым шарттары немесе сақтандыру шарттары жасалған салымшылар немесе пайда алушылар үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін жеңілдік береді, ал Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) МБЖЖ бойынша Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген ауқымда МБЖЖ қатысушыларының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы-білім беру ұйымы сақтандыру шарттары бойынша білім беру жинақтау салымдары (бұдан әрі – салым) қаражатының немесе сақтандыру төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Ынтымақтастық ережелері мен тәртібі**

4. Қатысушы-білім беру ұйымы білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде салымшыларға немесе пайда алушыларға білім беру қызметтерін ұсынады.

5. Қатысушы-білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне ақы төлеуі салымшының не оның заңды өкілінің, сақтанушының немесе пайда алушының не оның заңды өкілінің өтініші бойынша қатысушы-банктер мен қатысушы- сақтандыру ұйымдары үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы басталғанға дейін бір мезгілде (оқудың бүкіл мерзімі үшін) толық көлемінде жүзеге асырылады.

6. Қатысушы-білім беру ұйымы салымшыға немесе пайда алушыға тараптардың келісімімен айқындалатын мөлшерде, бірақ сақтандыру шарты бойынша салым мөлшері немесе сақтандыру төлемі білім беру қызметтері ақысын толық көлемінде төлеу үшін қажет соманың кемінде елу пайызын құраған жағдайда білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қажетті соманың кемінде бес пайызы мөлшерінде жеңілдіктер беруге құқылы.

МБЖЖ шеңберінде салымшылар мен пайда алушылар үшін білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдік мөлшері Келісімге 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

7. Қатысушы-білім беру ұйымы:

1) қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшыларды немесе пайда алушыларды есепке алу бойынша жауапты адам тағайындайды және ол бойынша операторға мәліметтер береді;

2) қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшылар немесе пайда алушылар бойынша жеке есеп жүргізеді.

### **4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

8. Қатысушы-білім беру ұйымы:

1) оператордан қатысушы-банктердің немесе қатысушы-сақтандыру ұйымдарының жазбаша тізімін, сондай-ақ МБЖЖ шеңберінде өзге де ақпаратты талап етуге;

2) оператордан осы қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшылардың немесе пайда алушылардың, тіркелген салым шарттарының немесе сақтандыру шарттарының болуы не болмауы туралы мәліметтер сұратуға;

## ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 04.05.2026 № 226 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 119-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3) техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда өзінің ақпараттық жүйелерінің оператордың ақпараттық жүйелерімен ықпалдасуын қамтамасыз етуге құқылы.

9. Оператор қатысушы-білім беру ұйымынан білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға, оның қолданылуына, білім беру қызметтерінің құны мен ақысының төленуіне, осы қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшылардың немесе пайда алушылардың оқу үлгеріміне қатысты қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

10. Қатысушы-білім беру ұйымы:

1) қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшыларды немесе пайда алушыларды есепке алу жөніндегі жауапты тұлғаның өзгергені жайында операторды хабардар етеді және ол тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол бойынша мәліметтер мен байланыс жасау деректерін береді;

2) тиісті құжаттар қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей операторға олардың көшірмелерін жіберу арқылы қатысушы-білім беру ұйымына қабылдау, ауыстыру, академиялық демалыс ресімдеу, академиялық демалыстан оралу, қайта қабылдау, шығару, оның ішінде қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшының немесе пайда алушының оқу бітіруіне байланысты шығарылуы жайында операторды хабардар етеді;

3) салымшының, пайда алушының, сақтанушының немесе қатысушы- банктің, қатысушы-сақтандыру ұйымының сұрау салуы бойынша анықтама берілген күнге академиялық кезеңге талап етілетін оқу ақысы немесе оқытудың толық құны туралы анықтам береді;

4) оператордың сұрау салуы бойынша семестрлік негізде Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшы немесе пайда алушы туралы қажетті мәліметтер ұсынады;

5) салымшыны немесе пайда алушыны қатысушы-білім беру ұйымынан шығарған кезде білім беру қызметтеріне төленген ақының қалдығын шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салымшының салымына немесе бес жұмыс күні ішінде қатысушы-сақтандыру ұйымының банктік шотына аударады;

6) салымшыны немесе пайда алушыны басқа қатысушы-білім беру ұйымына ауыстырған кезде қабылдаушы қатысушы-білім беру ұйымының шотына білім беру қызметтеріне төленген ақының қалдығын аударады, бұл жайында операторды үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді;

7) білім беру қызметтерін төлеуге аударылған қаражатты тікелей салымшыға немесе оның заңды өкіліне не пайда алушыға немесе оның заңды өкіліне немесе сақтанушыға бермейді.

Төленген білім беру қызметтері ақысының қалдығы оқудан шығару немесе ауыстыру туралы бұйрық шыққан күнгесалымшыны немесе пайдаалушыны оқытқаны үшін қатысушы-білім беру ұйымы алған сома мен нақты алынған білім беру қызметтері құнының сомасы арасындағы айырма болып табылады.

#### 11. Оператор:

1) қатысушы-білім беру ұйымының сұрау салуы бойынша үш жұмыс күні ішінде қатысушы-білім беру ұйымында оқитын салымшыларда немесе пайда алушыларда тіркелген салым шартының немесе сақтандыру шартының болуы немесе болмауы туралы мәліметтер ұсынады;

2) қатысушы-білім беру ұйымына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Заң мен Келісім қоятын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда оны жауапқа тарту үшін шаралар қабылдайды.

### 5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

12. Тараптар Келісім бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда кінәлі тарап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

13. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында келіссөздер жолымен шешіледі.

14. Реттелмеген даулар қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

### 6-тарау. Құпиялылық

15. Тараптар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісім шеңберінде алынған кез келген ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді.

### 7-тарау. Форс-мажор

16. Келісімге қол қойылғаннан кейін орын алған және Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің төтенше жағдайлары, атап айтқанда, әскери іс-қимылдар, дүлей зілзалалар, ереуілдер, мемлекеттік органдардың тыйым салу және шектеу заңнамалық шешімдері туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдаяттардың болу уақытына ұзартылады.

17. Келісімнің 16-тармағында көрсетілген жағдаяттарға байланысты Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау мүмкінсіздігі туындаған Тарап осындай жағдаяттар орын алған күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл жайында басқа Тарапты хабардар етеді. Мұндай хабарламада қамтылған фактілерді уәкілетті ұйымдар құжаттамалық тұрғыда растауға тиіс.

18. Орын алған төтенше жағдайлар туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау тиісті Тарапты шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін оны жауапкершіліктен босататын негіз ретінде олардың әлдебіріне сілтеме жасау құқығынан айырады.

## **8-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі**

19. Келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

20. Келісім Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес және Келісімде көзделген ережелермен бұзылуы мүмкін.

21. Келісімді мерзімінен бұрын бұзуға Келісімде көзделген ережелерді сақтай отырып, Тараптардың келісімі бойынша не Тараптар бірінің бастамасы бойынша жол беріледі.

22. Тараптар бұл туралы екінші Тарапты кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде хабардар ете отырып, Келісімді бұзу рәсіміне біржақты соттан тыс тәртіппен бастамашылық жасауға құқылы.

23. Оператор Қатысушы-білім беру ұйымы Заң талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда, Келісімді бұзғанға дейін он күн бұрын мүдделі Тараптарға алдын ала хабарлама жібере отырып, Келісімді біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

## **9-тарау. Қорытынды ережелер**

24. Тараптар хат-хабарларды жіберу бойынша шығыстарды дербес көтереді. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары сақталған жағдайда құжат айналымын Тараптар электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып жүзеге асыра алады.

25. Келісім жасасу кезінде Тараптардың өзара келісім бойынша оператор мен қатысушы-білім беру ұйымы арасындағы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің осы нысанына қайшы келмейтін нақтылау сипатындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

26. Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдер жасасу және оларға қол қою арқылы жүргізіледі.

27. Келісімде көрсетілген ақпарат өзгерген жағдайда тиісті Тарап ақпараттың өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер жайында басқа Тарапты хабардар етеді.

28. Келісіммен реттелмеген бөлігінде Тараптар қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

29. Шарт екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде заңды күші бірдей бір-бір данадан жасалды.

30. Келісімнің барлық қосымшалары оның ажырамас бөліктері болып табылады.

## 10-тарау. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

<b>Оператор</b>	<b>Қатысушы-білім беру ұйымы</b>
_____	_____
(оператордың атауы)	(қатысушы-білім беру ұйымының атауы)
_____	_____
(бизнес сәйкестендіру нөмірі, мекен-жайы)	(бизнес сәйкестендіру нөмірі, мекен-жайы)
_____	_____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы)	(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы)
Мөр орыны	Мөр орыны

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы-білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімге I-қосымша

## Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде салымшылар мен пайда алушылар үшін білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдіктер мөлшері\*

№	Салымшылар мен пайда алушылар санаты	Жеңілдік мөлшері (%)
1	Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде кәмелетке толған, бірақәлі жиырма үш жасқа тола қоймаған балалар	
2	Мүгедектігі бар адамдар	
3	Төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, оның ішінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысанында	

	оқитын балалар, олар оқу орындарын бітірген уақытқа дейін кәмелетке толғаннан кейін, бірақ әлі жиырма үш жасқа толғанға дейін	
4	Жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен отбасылардан шыққан балалар	
5	Қалған санат	

\* Жеңілдік салым шарты немесе сақтандыру шарты қатысушы-білім беру ұйымына қабылданғанға дейін кемінде \_\_\_\_ жыл бұрын жасалған салымшылар мен пайда алушыларға беріледі.

Мемлекеттік білім беру  
жинақтау жүйесі саласындағы  
оператор мен қатысушы-білім  
беру ұйымы арасындағы  
ынтымақтастық туралы  
үлгілік келісімге  
2-қосымша

Нысан

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша қатысушы-білім беру ұйымында \_\_\_\_\_  
(қатысушы-білім беру ұйымының атауы) оқитын салымшы немесе пайда алушы туралы мәліметтер

№	Салымшының немесе пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Салымшының немесе пайдаалушының жеке сәйкестендіру нөмірі	Оқуға қабылданған күні	Оқытуының аны (грант, ақылы)	Оқудан шыға-рылған күні	Академиялық демалыс кезеңі	Оқу аяқталған күн	Бірі академиялық кезең немесе оқу жылы үшін оқу құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								

(лауазымы)  
Мөр орыны

(қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі  
2024 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 мен  
Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары  
білім министрі

## **Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Білім беру ұйымымен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 56 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8386 болып тіркелген);

2. "Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 63 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10610 болып тіркелген);

3. "Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 63 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 452 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15847 болып тіркелген);

4. "Білім беру ұйымымен ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 198 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31272 болып тіркелген);

5. Білім беру жинақтау сақтандыруының үлгілік шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 20 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31739 болып тіркелген);

6. "Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 63 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 31 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31834 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК